ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Өрт сөндіру техникасы
СУМЕН ЖӘНЕ КӨБІКПЕН АВТОМАТТЫ ӨРТ СӨНДІРГІШ ҚОНДЫРҒЫЛАР. БАСҚАРУ ТОРАПТАРЫ
Жалпы техникалық шарттар

Техника пожарная
УСТАНОВКИ ВОДЯНОГО И ПЕННОГО ПОЖАРОТУШЕНИЯ АВТОМАТИЧЕСКИЕ. УЗЛЫ УПРАВЛЕНИЯ
Общие технические условия

ҚР СТ 1979-2010

ГОСТ Р 51052 -2002 Сумен және көбікпен автоматты өрт сөндіргіш қондырғылар. Басқару тораптары. Жалпы техникалық шарттар. Сынау әдістері, MOD

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Өрт сөндіру техникасы

СУМЕН ЖӘНЕ КӨБІКПЕН АВТОМАТТЫ ӨРТ СӨНДІРГІШ ҚОНДЫРҒЫЛАР. БАСҚАРУ ТОРАПТАРЫ

Жалпы техникалық шарттар

ҚР СТ 1979-2010

ГОСТ Р 51052 -2002 Сумен және көбікпен автоматты өрт сөндіргіш қондырғылар. Басқару тораптары. Жалпы техникалық шарттар. Сынау әдістері, MOD

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің «Өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғаныс жөніндегі арнайы ғылыми зерттеу орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны **ДАЙЫНДАП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2010 жылғы «08» қазандағы № 443-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт түсініктемесі «Кіріспе» құрылымдық элементінде келтірілген және стандарт мәтіні бойынша көлбеу қаріпшен ерекшеленген өнімдерді сынаудың техникалық талаптары мен әдістеріне қосымша ережелер енгізу жолымен Ресей Федерациясының ГОСТ Р 51052-2002 «Сумен және көбікпен автоматты өрт сөндіргіш қондырғылар. Басқару тораптары. Жалпы техникалық шарттар. Сынау әдістері» (бұдан әрі мәтін бойынша – ГОСТ Р 51052-2002) ұлттық стандартына қатысты түрөзгертілген

ГОСТ Р 51052-2002 стандартын ТК № 274 «Өрт қауіпсіздігі» стандарттау жөніндегі техникалық комитет әзірледі

Соның негізінде осы стандарт әзірленген ГОСТ Р 51052-2002 ресми даналары, сондай-ақ сілтеме берілген мемлекетаралық стандарттар Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінде бар

«Нормативтік сілтемелер» бөлімде нормативтік құжаттарға берілген сілтемелер өзектендірілген

ГОСТ Р 51052-2002 құрылымын осы стандарттың құрылымымен салыстыру Д.А қосымшасында берілген. ГОСТ Р 51052-2002 құрылымы Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандартын құру, баяндау, рәсімдеу және мазмұнының ерекшеліктеріне сәйкес өзгертілді

Сәйкестік деңгейі – өзектендірілген (MOD)

4 Осы стандартта Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II, «Өрт қауіпсіздігі туралы» 1996 жылғы 22 қарашадағы № 48-1, «Табиғи және техногенді сипатты төтенше жағдайлар туралы» 1996 жылғы 5 шілдедегі № 19-1 Заңдарының, «Сәйкестікті растау процедуралары» техникалық регламентін бекіту туралы» 2008 жылғы 4 ақпандағы № 90, «Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» 2008 жылғы 21 наурыздағы № 277, «Ғимараттарды, үй-жайлар мен имараттарды автоматты өрт сөндіру және автоматты өрт сигнал беру жабдығы, өрт кезінде адамдарға хабарлау және көшіруді басқару жүйелерімен жабдықтау бойынша талаптар» 2008 жылғы 29 тамыздағы № 796 қаулыларының нормалары іске асырылды

5 БІРІНШІ ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ 2015 жылы
ТЕКСЕРУДІҢ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» сілтемесінде, ал өзгеріс мәтіні «Мемлекеттік стандарттар» ай сайынғы ақпараттық сілтемесінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (жойылған) немесе ауыстырылған жағдайда тиісті ақпарат «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады.

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде Қазақстан Республикасы аумағында толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	3
4	Белгілеулер мен қысқартулар	4
5	Жіктеу	10
6	Жалпы техникалық талаптар	11
7	Қауіпсіздік талаптары	20
8	Қабылдау тәртібі	20
9	Сынау әдістері	21
10	Тасымалдау және сақтау	48
11	Пайдалану бойынша нұсқаулар	48
12	Дайындаушының кепілдігі	48
	А қосымшасы (ақпараттық). Басқару тораптары мен жиынтықтаушы жабдықтарды байлау сұлбасы	49
	Б қосымшасы (ақпараттық). Сигналдық клапанның құрастырылымында көзделген су құбыры желілеріне арналған технологиялық ойықты тесіктер	51
	В қосымшасы (міндетті). Басқару тораптары мен жиынтықтаушы жабдықтарды қабылдау-тапсыру, кезеңдік және сертификаттау сынақтарының бағдарламасы	52
	Г қосымшасы (міндетті). Қысымның гидравликалық жоғалуын айқындау бойынша сынақтар жүргізу үшін жиынтықтаушы жабдықтардың параметрлері	55
	Д.А қосымшасы (ақпараттық). ГОСТ Р 51052-2002 ұлттық стандартының құрылымын осы мемлекеттік стандарттың құрылымымен салыстыру	56
	Библиография	61

Кіріспе

Осы стандарт ИСО/МЭК директивасының 2-бөлім «Халықаралық стандарттарды құру және әзірлеу тәртібі» халықаралық нормаларымен және талаптарымен үйлестіру бойынша Дүниежүзілік Сауда Ұйымының саудадағы техникалық кедергілер бойынша келісімді, сондай-ақ «Еуразия экономикалық қауымдастығы аясында кеден одағында техникалық реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер туралы» 2009 жылғы 11 желтоқсандағы № 27 шешімін іске асыру мақсатында әзірленді.

ГОСТ Р 51052 -2002 қатысты осы стандартқа енгізілген негізгі өзгерістер төменде берілген:

а) «Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері» бөлігінде осы стандарттың атауы ҚР СТ 1.5 -2008 (8.4 бөлім «Жалпы техникалық шарттар стандарттарының мазмұны») талаптарына сәйкес «Жалпы техникалық шарттар» атауына өзгертілді;

б) талаптары осы стандарттың 4-бөлімінде (Белгілеулер мен қысқартулар», 5-бөлімінде «Жіктеу» көзделген 4-бөлім «Басқару тораптарын жіктеу және белгілеу» алынып тасталды;

в) талаптары осы стандарттың 6-бөлімі «Жалпы техникалық талаптар» бөлімінде көзделген 7-бөлім «Басқару тораптарының жиынтықтаушы жабдықтарына қойылатын жеке техникалық талаптар» алынып тасталды;

г) 9.1 «Сынау шарттары», 9.2 «Сынау құралдары», 11 «Пайдалану бойынша нұсқаулар» және 12 «Дайындаушының кепілдігі» бөлімдері қосылды;

д) мыналарға:

- материалдарға (6.2 ішкі бөлімі);
- сыртқы әсерлерге төзімділігіне (6.3 ішкі бөлімі);
- жиынтықтылығына (6.5 ішкі бөлімі);
- қауіпсіздігіне (7-бөлім);
- қабылдау тәртібіне қойылатын қосымша талаптар енгізілді (8-бөлім);

е) қорғаныш және сәндік-қорғаныш лак-бояу жабындарының сапасын айқындау бойынша бақылаудың жаңа әдістері енгізілді (9.3.24 ішкі бөлімі);

ж) мынадай қосымшалар енгізілді:

- А (ақпараттық). Басқару тораптары мен жиынтықтаушы жабдықтарды байлау сұлбасы;
- Б (ақпараттық). Сигналдық клапанның құрастырылымында қарастырылатын су құбыры желілеріне арналған технологиялық оймалы тесіктер;
- В (міндетті). Басқару тораптары мен жиынтықтаушы жабдықтарды қабылдау-тапсыру, кезеңдік және сертификаттау сынақтарының бағдарламасы;
- Г (міндетті). Қысымның гидравликалық жоғалуын айқындау бойынша сынақтар жүргізу үшін жиынтықтаушы жабдықтардың параметрлері.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Өрт техникасы

СУМЕН ЖӘНЕ КӨБІКПЕН АВТОМАТТЫ ӨРТ СӨНДІРГІШ ҚОНДЫРҒЫЛАР. БАСҚАРУ ТОРАПТАРЫ

Жалпы техникалық шарттар

Енгізілген күні 2011-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт басқару тораптары мен оның жиынтықтау жабдықтарын сынаудың жалпы техникалық талаптары мен әдістерін белгілейді.

Осы стандарт Қазақстан Республикасы аумағында өткізілетін, су мен көбікпен өрт сөндірудің автоматты қондырғыларында (бұдан әрі мәтін бойынша - өрт сөндіру қондырғылары) құрастырылымның элементі ретінде қолданылатын және пайдалану процесінде өрт сөндіру қондырғыларының жай-күйін және жұмысқа қабілеттілігін тексеруге, сондай-ақ от сөндіру затын іске қосу, өрт автоматикасы элементтерін басқаруға командалық импульсті құру сигналын беруге арналған отандық және шетелдік өндірістің басқару тораптарына таралады.

Стандарттың ережелері өнімді әзірлеу және өндіріске қою, өндіру, өнімді өткізу және түрін жаңғырту кезінде қолданылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

«Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 наурыздағы № 277 қаулысы.

«Ғимараттарды, үй-жайлар мен имараттарды автоматты өрт сөндіру және автоматты өрт сигнал беру жабдығымен, өрт кезінде адамдарға хабарлау мен көшіруде басқару жүйелерімен жабдықтау бойынша талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 29 тамыздағы № 796 қаулысы.

ҚР СТ 2.4-2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшеу құралдарын салыстырып тексеру. Ұйымдастыру және өткізу тәртібі.

ҚР СТ 2.21-2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшеу құралдарының типіне сынақ жүргізу және бекіту тәртібі.

ҚР СТ 2.30-2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі.Өлшем құралдарына метрологиялық аттестаттау жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.75-2009 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Сынақ жабдығын аттестаттау тәртібі.

ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026-2002 Сигналдық түстер, қауіпсіздік белгілері және сигналдық белгілеулер. Жалпы техникалық шарттар және қолдану тәртібі.

ҚР СТ 1899-2009 Өрт техникасы. Автоматты сумен өрт сөндіру қондырғылары. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері.

Ресми басылым

ҚР СТ 1903-2009 Өрт техникасы. Автоматты көбікпен өрт сөндіру қондырғылары. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері.

ҚР СТ ИСО/МЭК 17025- 2007 Сынақ және калибрлеу зертханаларының құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар.

ГОСТ 2.601-2006 Құрастырылымдық құжаттаманың бірыңғай жүйесі. Пайдалану құжаттары.

ГОСТ 8.118-85 Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Айнымалы токтың электрондық ұқсас вольтметрлері. Салыстырып тексеру әдістемесі.

ГОСТ 8.402-80 Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Тұрақты токтың электрондық ұқсас вольтметрлері. Салыстырып тексеру әдістемесі.

ГОСТ 8.497-83 Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Амперметрлер, вольтметрлер, ваттметрлер, варметрлер. Салыстырып тексеру әдістемесі.

ГОСТ 9.014-78 Жемірілу мен ескіруден қорғаудың бірыңғай жүйесі. Бұйымдарды жемірілуге қарсы уақытша қорғау. Жалпы талаптар.

ГОСТ 9.032-74 Жемірілу мен ескіруден қорғаудың бірыңғай жүйесі. Лак-бояу жабыны. Топтары, техникалық талаптар және белгілеулер.

ГОСТ 9.302-88 Жемірілу мен ескіруден қорғаудың бірыңғай жүйесі. Металл және металл емес органикалық емес жабындар. Бақылау әдістері.

ГОСТ 9.308-85 Жемірілу мен ескіруден қорғаудың бірыңғай жүйесі. Металл және металл емес органикалық емес жабындар. Жеделдетілген жемірілу сынақтарының әдістері.

ГОСТ 12.0.004-90 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Еңбек қауіпсіздігіне оқытуды ұйымдастыру. Жалпы ережелер.

ГОСТ 12.0.230-2007 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Еңбекті қорғауды басқару жүйесі. Жалпы талаптар..

ГОСТ 12.2.003-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өндірістік жабдықтар. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12.2.063-81 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өнеркәсіптік құбыржол арқауы. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12.3.046-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Автоматты өрт сөндіру қондырғылары. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 27.301-95 Техниканың сенімділігі. Сенімділікті есептеу. Негізгі ережелер.

ГОСТ 27.410-87 Техниканың сенімділігі. Сенімділік көрсеткіштерін бақылау әдістері және сенімділігіне арналған бақылау сынақтарының жоспары.

ГОСТ 166-89 Штангенциркульдер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 427-75 Өлшеуіш металл сызғыштар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 2874-82 Ауыз су. Гигиеналық талаптар және сапасын бақылау.

ГОСТ 2991-85 Салмағы 500 кг-ға дейінгі жүктерге арналған бұзылмайтын тақтай жәшіктер. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 7502 -98 Өлшеуіш металл рулеткалар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 6357-81 Өзара ауыстырушылықтың негізгі нормалары. Цилиндрлік құбыр ойық.

ГОСТ 6527-68 Цилиндрлік құбыр ойығы бар жалғастырғыш ұштар. Өлшемдері.

ГОСТ 9697-87 Ілгекті клапандар. Негізгі параметрлері.

ГОСТ 12815-80 0,1-ден бастап 20,0 МПа-ға дейінгі (1-ден бастап 200 кгс/см^2 дейін) Ру арналған арқаудың, қосу бөліктері мен құбыржолдардың ернемектері. Типтері. Қосу өлшемдері және нығыздау беттерінің өлшемдері.

ГОСТ 13646 -68 Дәл өлшеуге арналған сынапты шыны термометрлер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 13837-79 Жалпы арналған динамометрлер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 14192-96 Жүктерді таңбалау.

ГОСТ 14202-69 Өнеркәсіптік кәсіпорындар құбыржолы. Айыру бояуы, ескерту белгілері және таңбалау қалқандары.

ГОСТ 15150-69 Машиналар, аспаптар және басқа техникалық бұйымдар. Түрлі климаттық аудандарға арналған орындаулар. Санаттары, сыртқы ортаның климаттық факторлар әсері ету бөлігінде пайдалану, сақтау және тасымалдау шарттары.

ГОСТ 16504-81 Өнімдерді мемлекеттік сынау жүйесі. Сынау және өнімнің сапасын бақылау. Негізгі терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 18140 -84 дифференциалданған ГСП манометрлері. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 18321-73 Сапаны статистикалық бақылау. Дана өнімдердің таңдамасын кездейсоқ іріктеу әдістері.

ГОСТ 21130-75 Электртехникалық бұйымдар. Жерге қосу қыспақтары және жерге қосу белгілері. Құрастырылымы мен өлшемдері.

ГОСТ 21752-76 «Адам-машина» жүйесі. Басқару сермері мен штурвалдар. Жалпы эргономикалық талаптар.

ГОСТ 21753-76 «Адам-машина» жүйесі. Басқару иінтірегі. Жалпы эргономикалық талаптар.

ГОСТ 23170-78 Машина жасау бұйымдарына арналған орауыштар. Жалпы талаптар.

ГОСТ 24054-80 Машина жасау және аспап жасау бұйымдары. Қымтақтығын сынау. Жалпы талаптар.

ГОСТ 24193-80 Жабу қамыттары. Құрастырылымы.

ГОСТ 24705-2004 Өзара ауыстырушылықтың негізгі нормалары. Метрлік бұранда. Негізгі өлшемдері.

ГОСТ 28723-90 Жылдамдықты, электрмагнитті және құйынды шығын өлшеуіштер. Жалпы техникалық талаптар және сынау әдістері.

ГОСТ 29329-92 Статикалық өлшеуге арналған таразылар. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 30630.1.2 -99 Машиналардың, аспаптар мен басқа техникалық құралдардың сыртқы механикалық әсер етуші факторларға төзімділігін сынау әдістері.

ҚР ҚНжЕ 2.04-05 -2002 Табиғи және жасанды жарықтандыру.

ҚР ҚНжЕ 4.02-42 -2006 Жылыту, желдету және кондициялау.

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартты пайдаланған кезде сілтеме стандарттар мен жіктеуіштердің қолданыстағы жылдағы жай-күйі бойынша жыл сайын басылып шығатын «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесі бойынша және ағымдағы жылы жарияланған ай сайын басылып шығатын сәйкес ақпараттық сілтемелер бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтеме құжат ауыстырылса, (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта «Ғимараттарды, үй-жайлар мен имараттарды автоматты өрт сөндіру және автоматты өрт сигнал беру жабдығымен, өрт кезінде адамдарға хабарлау мен көшіруде басқару жүйелерімен жабдықтау бойынша талаптар» техникалық регламентінде, ҚР СТ 1899, ҚР СТ 1903 және ГОСТ 16504 белгіленген терминдер, сондай-ақ тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

3.1 **Акселератор:** Спринклерлі суарғыш іске қосылған кезде қоректендіру құбыржолындағы ауа қысымының елеулі өзгерісінде спринклерлі ауа сигналының клапанының іске қосылуын қамтамасыз ететін құрылғы.

3.2 **Кезекші режим:** Басқару торабының іске қосылуға дайындығының жай-күйі.

3.3 **Құрғату клапаны:** Сигналдық клапан іске қосылған кезде құрғату желісін автоматты жабатын тиекті қалыпты ашық құрылғы.

3.4 **Суды жасанды ластағыш:** Суды жасанды ластауға арналған түйіршікөлшеу құрамды қатты зат.

3.5 **Кідіріс камерасы:** Қысымның сигнал бергіш желісінде орнатылған және сигнал бергіштің сумен жабдықтау көзі қысымының күрт тербелісі салдарынан сигналдық клапанды ішінара ашуынан пайда болатын дабылдың жалған сигналын беру ықтималдығын азайтуға арналған құрылғы.

3.6 **Бұру құбыржолы:** От сөндіру көзін басқару тораптарымен қосатын құбыржол.

3.7 **Тиекті өрт құрылғысы:** От сөндіру затының ағынын беру, реттеу және жабуға арналған құрылғы.

3.8 **Қоректендіру құбыржолы:** Басқару торабын бөлу құбыржолдарымен қосатын құбыржол.

3.9 **Жұмыстық режим: Іске қосылған кезде басқару торабының өзінің функционалдық міндетін орындауы.**

3.10 **Эксгаустер:** Спринклерлі суарғыш іске қосылған кезде қоректендіру құбыржолынан ауа қысымын белсенді түсіруді қамтамасыз ететін құрылғы.

4 Белгілеулер мен қысқартулар

4.1 Белгілеулер

4.1.1 Басқару тораптарын белгілеудің мынадай құрылымы болуға тиіс:

ХХ –	ХХ –	ХХ –	ХХ –	ХХ –	Х –	Х –	ХХ –	ХХ –	ХХХХ ,
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

мұндағы 1 – басқару торабын белгілеу;
2 – басқару торабының түрі;
3 – шартты диаметрі, мм;
4 – максималды жұмыстық қысым, МПа;
5 – жетектің түрі;
6 – қоректендіру және бөлу құбыржолдарын толтыру ортасы;
7 – құбыржолдағы жұмыстық қалпы;
8 – арқауы бар қосылыстың типі;
9 – ГОСТ 15150 бойынша климаттық орындалуы;
10 –нормативтік құжатты белгілеу.

ЕСКЕРТПЕ Жетектің түрін белгілегеннен кейін сәйкесінше мыналар жазылады:
- электрлік жетек пен оның түрлі комбинациясы үшін – қоректенудің номиналды кернеуі, В;
- пневматикалық және гидравликалық жетек үшін – минималды жұмыстық қысым, МПа.

4.1.2 Басқару торабын шартты белгілеу үлгісі:

УУ – С – 100 – 1,2 – В – В – Ф – У4 – ҚР СТ 1979

Шартты белгілеу үлгісінде мынадай ақпарат бар: Осы стандарттың талаптарына сәйкес жасалған орналастыру санаты 4, климаттық орындалуы У, арқаумен қосудың ернемекті типі, құбыржолда жұмыстық тік қалпы бар, сумен толтырылған қоректендіру құ-

быржолына арналған жұмыстық қысымы 1,2 МПа, шартты диаметрі 100 мм, өрт сөндірудің спринклерді қондырғысының басқару торабы.

ЕСКЕРТПЕ Басқару торабының шартты белгілеуіне дайындаушы зауыттың қосымша ақпаратты қосуға рұқсат етіледі.

4.1.3 Сигналдық клапанды белгілеудің мынадай құрылымы болуға тиіс:

ХХ – ХХ – ХХ – ХХ – Х – Х – ХХ – ХХ – ХХХХ ,
1 2 3 4 5 6 7 8 9

мұндағы 1 –сигналдық клапанның түрі;
2 – шартты диаметрі, мм;
3 – максималды жұмыстық қысымы, МПа;
4 – жетектің түрі;
5 – қоректендіру және бөлу құбыржолын толтыру ортасы;
6 – құбыржолдағы жұмыстық қалып;
7 – арқаумен қосу типі;
8 – ГОСТ 15150 бойынша климаттық орындалу;
9 – нормативтік құжатты белгілеу.

1-ЕСКЕРТПЕ Жетектің түрін белгілегеннен кейін сәйкесінше мыналар көрсетіледі:
- электрлік жетектің және оның түрлі комбинациясы үшін – номиналды кернеу, В;
- пневматикалық және гидравликалық жетек үшін – минималды жұмыстық қысым, МПа.

2-ЕСКЕРТПЕ Дренчерлі сигналдық клапандарды белгілеуде бөлу және қоректендіру құбыржолдарын толтыру ортасын жазбауға рұқсат етіледі.

3-ЕСКЕРТПЕ Құбыржолдарда «У» типті сигналдық клапандардың жұмыстық қалпын жазбауға рұқсат етіледі.

4-ЕСКЕРТПЕ Спринклерлі сигналдық клапандарды белгілеуде жетектің түрін жазбауға рұқсат етіледі.

4.1.4 Сигналды клапанды шартты белгілеу үлгісі:

КС – 100 – 1,2 – В – В – Ф – У4 – ҚР СТ 1979

Шартты белгілеу үлгісінде мынадай ақпарат бар: Осы стандарттың талаптарына сәйкес жасалған орналастыру санаты 4, климаттық орындалуы У, арқаумен қосудың ернемекті типі, құбыржолда жұмыстық тік қалпы бар, сумен толтырылған қоректендіру құбыржолына арналған жұмыстық қысымы 1,2 МПа, шартты диаметрі 100 мм, өрт сөндірудің спринклерлі қондырғысының сигналдық клапаны.

4.1.5 Басқару торабы ысырмасын немесе жапқышын белгілеуде мынадай құрылымы болуға тиіс:

ХХ – ХХ – ХХ – ХХ – Х – ХХ – ХХ – ХХХХ ,
1 2 3 4 5 6 7 8

мұндағы 1 – басқару торабы ысырмасының немесе жапқышының түрі;
2 – шартты диаметрі, мм;
3 – максималды жұмыстық қысымы, МПа;
4 – жетектің түрі;
5 – құбыржолдағы жұмыстық қалпы;

6 – арқаумен қосу типі;
7 – ГОСТ 15150 бойынша климаттық орындалуы;
8 – нормативтік құжатты белгілеу.

1-ЕСКЕРТПЕ Жетектің түрін белгілегеннен кейін сәйкесінше мыналар жазылады:
- электрлік жетектің және оның түрлі комбинациясы үшін – қоректенудің номиналды кернеуі, В;
- пневматикалық және гидравликалық жетек үшін – минималды жұмыстық қысым, МПа.

2 -ЕСКЕРТПЕ Белгілеуде «У» типті ысырманың немесе жапқышының құбыржолдағы жұмыстық қалпын жазбауға рұқсат етіледі.

3-ЕСКЕРТПЕ Белгілеуде ысырманың қолды жетегін жазбауға рұқсат етіледі.

4.1.6 Басқару торабының ысырмасын немесе жапқышын шартты белгілеу үлгісі:

ЗД – 100 – 1,2 – В – Ф – У4 – ҚР СТ 1979

Шартты белгілеу үлгісінде мынадай ақпарат бар: Осы стандарттың талаптарына сәйкес жасалған орналастыру санаты 4, климаттық орындалуы У, арқаумен қосудың ернемекті типі, құбыржолда жұмыстық тік қалпы бар, жұмыстық қысымы 1,2 МПа, шартты диаметрі 100 мм ысырма.

4.1.7 Басқару торабының құрғату клапанын, қайтымды клапанын және кранын белгілеудің мынадай құрылымы болуға тиіс:

ХХ – ХХ – ХХ – ХХ – Х – ХХ – ХХ – ХХХХ ,
1 2 3 4 5 6 7 8

мұндағы 1 – құрғату клапанының, қайтымды клапанның және басқару торабы кранының түрі;
2 – қосу өлшемі, мм;
3 – максималды жұмыстық қысымы, МПа;
4 – тұрқы материалы;
5 – құбыржолдағы жұмыстық қалпы;
6 – арқаумен қосу типі;
7 – ГОСТ 15150 бойынша климаттық орындалуы;
8 – нормативтік құжатты белгілеу.

4.1.8 Басқару торабының құрғату клапанын, қайтымды клапанын және кранын шартты белгілеу үлгісі:

ДК – 25 – 1,2 – Бр – В - М – У4 – ҚР СТ 1979

Шартты белгілеу үлгісінде мынадай ақпарат бар: Осы стандарттың талаптарына сәйкес жасалған орналастыру санаты 4, климаттық орындалуы У, арқаумен қосудың жалғастырғыш типі, құбыржолда жұмыстық тік қалпы бар, тұрқының материалы қоладан жасалған, жұмыстық қысымы 1,2 МПа, қосу өлшемі 25 мм құрғату клапаны.

ЕСКЕРТПЕ Шойыннан немесе болаттан жасалған тұрқы материалын жазбауға рұқсат етіледі.

4.1.9 Басқару торабының акселераторын, эксгаустерін және гидроүдеткішін белгілеудің мынадай құрылымы болуға тиіс

ХХ – ХХ – ХХ – Х – ХХ – ХХ – ХХХХ ,
1 2 3 4 5 6 7

мұндағы 1 – басқару торабы акселераторының, эксгаустерінің және гидроүдеткішінің типі;
2 – шартты диаметрі, мм;
3 – максималды жұмыстық қысымы, МПа;
4 – құбыржолдағы жұмыстық қалпы;
5 – арқаумен қосу типі;
6 – ГОСТ 15150 бойынша климаттық орындалуы;
7 – нормативтік құжатты белгілеу.

4.1.10 Басқару торабының акселераторын, эксгаустерін және гидроүдеткішін шартты белгілеу үлгісі:

А – 65 – 1,2 – В – ФМ – У4 – ҚР СТ 1979

Шартты белгілеу үлгісінде мынадай ақпарат бар: Осы стандарттың талаптарына сәйкес жасалған орналастыру санаты 4, климаттық орындалуы У, арқаумен қосудың ернемекті жалғастырғыш типі, құбыржолда жұмыстық тік қалпы бар, жұмыстық қысымы 1,2 МПа, шартты диаметрі 65 мм акселератор.

4.1.11 Басқару торабы қысымының сигнал бергішін белгілеудің мынадай құрылымы болуға тиіс:

ХХ – ХХ – ХХ – Х – Х – ХХ – ХХ – ХХХХ ,
1 2 3 4 5 6 7 8

мұндағы 1 –басқару торабы қысымының сигнал бергішінің түрі;
2 – іске қосылу қысымы, МПа;
3 – максималды жұмыстық қысымы, МПа;
4 – түйіспелі топтар саны;
5 – қосу оймасының түрі;
6 – құбыржолдағы жұмыстық қалпы;
7 – ГОСТ 15150 бойынша климаттық орындалуы;
8 – нормативтік құжатты белгілеу.

4.1.12 Басқару торабы қысымының сигнал бергішін шартты белгілеу үлгісі:

СД – 0,03 – 1,2 – 2 – М20 – В – У4 – ҚР СТ 1979

Шартты белгілеу үлгісінде мынадай ақпарат бар: Осы стандарттың талаптарына сәйкес жасалған орналастыру санаты 4, климаттық орындалуы У, құбыржолда жұмыстық тік қалпы, түйіспелік екі тобы бар, жұмыстық қысымы 1,2 МПа, іске қосылу қысымы 0,03 МПа қысымның сигнал бергіші.

4.1.13 Басқару торабы сұйықтық ағынының сигнал бергішін белгілеудің мынадай құрылымы болуға тиіс:

ХХ – ХХ – ХХ – ХХ – Х – Х – ХХ – ХХ – ХХХХ ,
1 2 3 4 5 6 7 8 9

мұндағы 1 – басқару торабының сұйықтық ағыны сигнал бергішінің түрі;
2 – шартты диаметрі, мм;
3 – іске қосылу жүретін су шығыны, $дм^3/с$;
4 – максималды жұмыстық қысымы, МПа;
5 – түйіспелі топтар саны;
6 – құбыржолдағы жұмыстық қалпы;
7 – арқаумен қосу типі;
8 – ГОСТ 15150 бойынша климаттық орындалуы;
9 – нормативтік құжатты белгілеу.

4.1.14 Басқару торабы сұйықтық ағынының сигнал бергішін шартты белгілеу үлгісі:

СПЖ – 80 – 0,63 – 1,2 – 1– Г – Н – У4 – ҚР СТ 1979

Шартты белгілеу үлгісінде мынадай ақпарат бар: Осы стандарттың талаптарына сәйкес жасалған орналастыру санаты 4, климаттық орындалуы У, қосудың жапсырма типі, құбыржолда жұмыстық тік қалпы бар, сумен толтырылған қоректендіру құбыржолына арналған жұмыстық қысымы 1,2 МПа, 0,63 $дм^3/с$ іске қосылатын сұйықтық шығыны, шартты диаметрі 80 мм, сұйықтық ағынының сигнал бергіші.

4.1.15 Басқару торабы сүзгішін белгілеудің мынадай құрылымы болуға тиіс:

ХХ – ХХ – ХХ – Х – ХХ – ХХ – ХХХХ ,
1 2 3 4 5 6 7

мұндағы 1 – басқару торабы сүзгішінің түрі;
2 – шартты диаметрі, мм;
3 – максималды жұмыстық қысымы, МПа;
4 – құбыржолдағы жұмыстық қалпы;
5 – арқаумен қосу типі;
6 – ГОСТ 15150 бойынша климаттық орындалуы;
7 – нормативтік құжатты белгілеу.

4.1.16 Басқару торабы сүзгішін шартты белгілеу үлгісі:

Ф – 10 – 1,2 – В – ШМ – У4 – ҚР СТ 1979

Шартты белгілеу үлгісінде мынадай ақпарат бар: Осы стандарттың талаптарына талаптарына сәйкес жасалған орналастыру санаты 4, климаттық орындалуы У, арқаумен қосудың жалғақты жалғастырғыш типі, құбыржолда жұмыстық тік қалпы бар, жұмыстық қысымы 1,2 МПа, шартты диаметрі 10 мм сүзгіш.

4.1.17 Басқару торабын байлау жиынтығына кіретін компенсаторды белгілеудің мынадай құрылымы болуға тиіс:

ХХ – ХХ – ХХ – Х – ХХ – ХХ – ХХХХ ,
1 2 3 4 5 6 7

мұндағы 1 – басқару торабын байлау жиынтығына кіретін компенсатордың түр;
2 – шартты диаметрі, мм;
3 – максималды жұмыстық қысымы, МПа;
4 – құбыржолдағы жұмыстық қалпы;
5 – арқаумен қосу типі;
6 – ГОСТ 15150 бойынша климаттық орындалуы;
7 – нормативтік құжатты белгілеу.

4.1.18 Басқару торабы сүзгішін шартты белгілеу үлгісі:

КОМ – 10 – 1,2 – В – М – У4 – ҚР СТ 1979

Шартты белгілеу үлгісінде мынадай ақпарат бар: Осы стандарттың талаптарына сәйкес жасалған орналастыру санаты 4, климаттық орындалуы У, арқаумен қосудың жалғастырғышты типі, құбыржолда жұмыстық тік қалпы бар, жұмыстық қысымы 1,2 МПа, шартты диаметрі 10 мм компенсатор.

4.1.19 Басқару торабының кідіріс камерасын белгілеудің мынадай құрылымы болуға тиіс:

ХХ – ХХ – ХХ – Х – ХХ – ХХ – ХХХХ ,
1 2 3 4 5 6 7

мұндағы 1 – басқару торабың кідіріс камерасының түрі;
2 – сыйымдылығы, дм^3;
3 – максималды жұмыстық қысымы, МПа;
4 – құбыржолдағы жұмыстық қалпы;
5 – арқаумен қосу типі;
6 – ГОСТ 15150 бойынша климаттық орындалуы;
7 – нормативтік құжатты белгілеу.

4.1.20 Басқару торабының кідіріс камерасын шартты белгілеу үлгісі:

КЗ – 5 – 1,2 – В – Ш – У4 – ҚР СТ 1979

Шартты белгілеу үлгісінде мынадай ақпарат бар: Осы стандарттың талаптарына талаптарына сәйкес жасалған орналастыру санаты 4, климаттық орындалуы У, арқаумен қосудың жалғақты типі, құбыржолда жұмыстық тік қалпы бар, жұмыстық қысымы 1,2 МПа, сыйымдылығы 5 дм^3 кідіріс камерасы.

4.2 Қысқартулар

4.2.1 **А** - акселератор.
4.2.2 **ГУ** - гидроүдеткіш.
4.2.3 **ДК** - құрғату клапаны.
4.2.4 **ЗЗ** – ысырма немесе жапқыш.
4.2.5 **К** - кран.
4.2.6 **КД** - дренчерлі сигналдық клапан.
4.2.7 **КЗ** – кідіріс камерасы.
4.2.8 **КО** - қайтымды клапан.
4.2.9 **КОМ** – компенсатор.

4.2.10 **КС** - спринклерлі сигналдық клапан.
4.2.11 **ПЗУ** – ілгекті өрт құрылғысы.
4.2.12 **СД** – қысымның сигнал бергіші.
4.2.13 **СПЖ** –сұйықтық ағынының сигнал бергіші.
4.2.14 **УУ** – басқару торабы.
4.2.15 **Ф** - сүзгіш.
4.2.16 **Э** – эксгаустер.
4.2.17 **Рсынам** - сынама қысым
4.2.18 **Ржұмmах** - жұмыстық максималды қысым.

5 Жіктеу

5.1 Басқару тораптарын жіктеу

5.1.1 Түрі бойынша басқару тораптары спринклерлі және дренчерлі болып бөлінеді.

5.1.2 Қоректендіру және бөлу құбыржолдарын толтыру ортасына қарай басқару тораптары сумен толтырылған және ауалы болып бөлінеді.

5.1.3 Дренчерлі немесе әмбебап сигналдық клапандардың жетегінің түріне қарай басқару тораптары мынаған бөлінеді:

- гидравликалық;
- пневматикалық;
- электрлік;
- қол;
- механикалық;
- құрама.

5.1.4 Көлденең жазықтығына қатысты құбыржолда жұмыстық орналасуына қарай басқару тораптары мынаған бөлінеді:

- тік;
- көлденең;
- әмбебап.

5.1.5 Құбыржолмен және (немесе) арқаумен қосылу типіне қарай басқару тораптары мынаған бөлінеді:

- ернемекті;
- жалғастырғыш;
- жалғақты;
- қамытты;
- құрама.

5.2 Жиынтықтау жабдығын жіктеу

5.2.1 Құбыржолда жұмыстық орналасуына қарай жиынтықтау жабдық мынаған бөлінеді:

- тік;
- көлденең;
- әмбебап.

5.2.2 Құбыржолмен және (немесе) арқаумен қосылу типіне қарай жиынтықтау жабдығы мынаған бөлінеді:

- ернемекті;
- жалғастырғышты;
- жалғақты;
- қамытты;
- құрама.

5.2.3 Жетегінің түріне қарай жиынтықтау жабдығы мынаған бөлінеді:
- гидравликалық;
- пневматикалық;
- электрлік;
- механикалық;
- қол;
- құрама.

5.2.4 Түріне қарай басқару тораптарының сигналдық клапандары мынаған бөлінеді:
- спринклерлі;
- дренчерлі;
- спринклерлі - дренчерлі.

5.2.5 Қоректендіру және бөлу құбыржолдарын толтыру ортасына қарай басқару тораптарының сигналдық клапандары сумен толтырылған және ауалы болып бөлінеді.

5.2.6 Жетектің түріне қарай басқару тораптарының ысырмалары мен жапқыштары мынаған бөлінеді:
- гидравликалық;
- пневматикалық;
- электрлік;
- қол.

5.2.7 Құбыржолдағы жұмыстық қалпына қарай басқару тораптарының ысырмалары мен жапқыштары мынаған бөлінеді:
- тік;
- көлденең;
- әмбебап.

5.2.8 Арқаумен қосу типіне қарай басқару тораптарының ысырмалары мен жапқыштары мынаған бөлінеді:
- ернемекті;
- жалғастырғыш;
- жалғақты;
- қамытты;
- құрама.

6 Жалпы техникалық талаптар

6.1 Құрастырылымға қойылатын талаптар

6.1.1 Қолданылатын өрт сөндіру қондырғысының типіне қарай басқару торабының құрастырылымына мынадай жиынтықтау жабдықты қосуға рұқсат етіледі:
- ілгекті өрт құрылғысы;
- акселератор;
- эксгаустер;
- гидроүдеткіш;
- сүзгіштер;
- манометрлер;
- қысымның сигнал бергіші;
- сұйықтық ағынының сигнал бергіші немесе сигналдық клапан;
- компенсатор;
- кідіріс камерасы;
- құбыржол байламы.

6.1.2 Ілгекті өрт құрылғысының құрастырылымына мынадай жабдықты қосуға рұқсат етіледі:

- спринклерлі немесе дренчерлі сигналдық клапан;
- құрғату клапаны;
- қайтымды клапан;
- ысырмалар, жапқыштар мен крандар.

6.1.3 *Басқару тораптары мен жиынтықтау жабдықтарын байлаудың, оның салмағы мен габаритті өлшемдерінің сұлбасы белгіленген тәртіппен бекітілген нақты типтегі басқару тораптары мен жиынтықтау жабдығына арналған техникалық құжаттамада берілуге тиіс.*

Басқару тораптары мен жиынтықтау жабдықтарын байлаудың үлгілік сұлбасы А қосымшасының А.1 және А.2 суреттерде берілген.

6.1.4 Басқару тораптары мен жиынтықтау жабдықтарының қосу өлшемдері ГОСТ 6527, ГОСТ 9697, ГОСТ 12815 және ГОСТ 24193 талаптарына сәйкес келуге тиіс.

6.1.5 Басқару тораптары мен жиынтықтау жабдығы 0,14 МПа аспайтын минималды жұмыстық қысым кезінде және 0,45 дм^3/с аспайтын сигналдық клапан арқылы судың минималды шығыны кезінде жұмыстық режимді қамтамасыз етуге тиіс.

6.1.6 Басқару тораптары мен жиынтықтау жабдығының жұмыстық қуыстары 5 минут ішінде $Рсынам_{г}$ = *1,5 Ржұмтах* тең $Рсынам_{г}$, сынама гидравликалық қысым кезінде беріктігі мен қымтақтығын қамтамасыз етуге тиіс.

6.1.7 Ауа қысымындағы пайдалану шарттары бойынша басқару тораптары (спринклерлі ауа) және жиынтықтау жабдықтары 5 минуттан кем емес уақыт ішінде $Рсынам_{п}$ = *1,1 Ржұмтах* тең $Рсынам_{п}$, сынама пневматикалық қысым әсерімен қымтақтықты қамтамасыз етуге тиіс.

6.1.8 Басқару торабында қысымның жиынтық гидравликалық жоғалуы 0,04 МПа-дан артық болуға тиіс.

6.1.9 Бұру немесе қорек құбырында орнатылатын сигналдық клапандарда, ысырмаларда, жапқыштарда және қайтымды клапандардағы гидравликалық жоғалулар 0,02 МПадан аспауға тиіс.

6.1.10 Басқару тораптары мен жиынтықтау жабдығы (0,4 ± 0,1) МПа бастап (4,0 ± 0,4) МПа-ға дейін өзгеретін циклдік қысым кезінде гидравликалық соққыға шыдауға тиіс.

6.1.11 Сұйықтық қысымы мен ағынының сигнал бергіштерінің, ысырмалар мен жапқыштың ұштық ажыратқыштарының сигнал бергіштерінің түйіспелік топтары мынадай ауқымда 0,2 В бастап 250 В дейінгі айнымалы кернеуде және 0,2 В бастап 30 В дейінгі тұрақты кернеу кезінде айнымалы және тұрақты ток тізбектерінің коммутациясын қамтамасыз етуге тиіс:

- төменгі шегі 22 мкА артық емес;
- жоғарғы шегі 3 А кем емес.

6.1.12 Қорек кернеуі бар электрлік жабдықтың немесе 220 В және 380 В коммутацияның қысқышы мен жерге қосу белгісі болуға тиіс.

Қысқыш, жерге қосу белгісі мен орны ГОСТ 21130 сәйкес келуге тиіс.

6.1.13 Басқару тораптарында электржелісін пайдаланған кезде қоректену кернеуі айнымалы токтың 220 В немесе380 В немесе тұрақты токтың 24 В болуға тиіс, бұл ретте кернеу тербелісі минус 15 %-дан бастап 10 %-ға дейін болуға тиіс.

6.1.14 Электржетегі бар жиынтықтау жабдығы болған кезде басқару тораптарының тұтыну қуаты *белгіленген тәртіппен бекітілген нақты типтегі басқару торабы мен жиынтықтау жабдығына арналған техникалық құжаттамада жазылуға тиіс.*

Электр желісі болған кезде дренчерлі сигналдық клапанның тұтыну қуаты 500 Вттан аспауға тиіс.

6.1.15 220 В қорек кернеуі кезінде адамның жанасуы ықтимал ток өткізетін бөліктерді оқшаулаудың электрлік кедергісі 20 МОм-нан кем болмауға тиіс.

6.1.16 Басқару торабының байлауында желіні қосу үшін шықпалардың болуы көзделуге тиіс:

- өрт дыбыстық гидравликалық хабарлағыш;
- құрғатқыш;
- электрлік жетегі бар дренчерлі сигналдық клапанға арналған гидравликалық (пневматикалық) қайталама прис.

6.1.17 Басқару тораптарында мыналар үшін құрылғылар көзделуге тиіс:

- басқару торабының іске қосылғаны туралы сигнал бергіштің жұмысқа қабілеттілігін тексеру;
- спринклерлі ауалы сигналды клапанның аралық камерасынан суды құрғату;
- өрт сөндіру қондырғысының спринклерлі ауалы және дренчерлі камерасының қорек құбыржолында су деңгейі сигналды клапанның тиекті құрылғысында (0,5 ± 0,1) м асқан кезде дыбыстық сигнал беру;
- сүзу;
- жылдам әсер ететін құрылғылардың бұру желісі (акселератор және эксгаустер);
- басқару торабының бұру және қорек құбыржолында қысымды өлшеу;
- ысырмалар мен жапқыштардың тиекті құрылғысының «Ашық» немесе «Жабық» қалпы туралы сигнал беру;
- қорек құбыржолына су беру.

6.1.18 Басқару торабының құрастырылымына басқару торабының, сондай-ақ оның құрамына кіретін жиынтықтау жабдығының жай-күйін бақылау, сигналды клапанның тиекті құрылғысын тексеру, сигналдық клапанның ағу бөліктерінің жинақтау бірліктері мен зақымданған бөлшектерін жою және күшейтілген тозуға ұшыраған бөлшектерді ауыстыру үшін қол жетімділікті қамтамасыз етуге тиіс.

6.1.19 Басқару торабына жинақталған сигнал беру құрылғысы өзінің функционалдық арналуына сәйкес:

- іске қосылу;
- қысымның шамасы;
- ысырманың (жапқыштың) қалпы: «Ашық» немесе «Жабық»;
- сигналды клапанның тиекті құрылғысынан (0,5 ± 0,1) м жоғары судың болуы туралы сигналды немесе көзбен шолу ақпаратын беруге тиіс.

6.1.20 Өрт сөндірудің дренчерлі қондырғысының басқару тораптарында қолмен басқару қарастырылуға тиіс.

6.1.21 Сүзгіштер сәйкес жиынтықтау жабдығының жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз етуге тиіс.

Сүзгіш ұяшығының максималды өлшемі сүзгіш қорғайтын минималды тесіктің диаметрінен 65 % аспауға тиіс.

6.1.22 Басқару торабы іске қосылған кезде қысымның сигнал бергішіне қосылған құбырдағы қысым 0,06 МПа-дан кем болмауға тиіс.

6.1.23 Орындалу типіне қарай сұйықтық ағынының сигнал бергішінің шартты диаметрі 25; 32; 50; 65; 80; 100; 150; 200; 250 немесе 300 мм-ді құрауға тиіс.

6.1.24 Сұйықтық ағынының сигнал бергіші іске қосылатын судың минималды шығыны 0,63 $дм^3/с$ аспауға тиіс.

6.1.25 Егер оны ГОСТ 6357 бойынша G 1/2 немесе ГОСТ 24705 бойынша М20 × 1,5 ішкі ойығы бар кідіріс камерасына жинақтау қарастырылған болса, кідіріс камерасының қысымның сигнал бергішіне арналған қосу келтеқұбыры болуға тиіс.

6.1.26 Басқару торабының байлауындағы кідіріс камерасынан суды төгу ұзақтығы 5 минуттан аспауға тиіс.

6.1.27 6 мм-ден кіші кіру диаметрі бар келтеқұбыры бар кідіріс камерасы алдында сүзгіш орнатылуға тиіс.

6.1.28 Сигналдық клапанның, сондай-ақ ысырма немесе жапқыштың шартты диаметрі орындалу типіне қарай мынаны құрауға тиіс: 50; 65; 80; 100; 150; 200; 250 немесе 300 мм.

ЕСКЕРТПЕ Орындалу типіне қарай дренчерлі сигналдық клапандар үшін қосымша 25; 32 немесе 40 мм шартты диаметрді қолдануға рұқсат етіледі.

6.1.29 Сигналдық клапанда қысымның сигнал бергішінің желісін қосу үшін мынадай технологиялық тесік қарастырылуға тиіс:

- шартты диаметрі 50 мм-ден бастап 100 мм-ге дейінгі сигналдық клапандар үшін диаметрі 5 мм-ден кем емес;
- шартты диаметрі 50 мм-ден бастап 100 мм-ден артық сигналдық клапандар үшін диаметрі 10 мм-ден кем емес.

Спринклерлі ауалы сигналды клапаннан суды құрғату үшін технологиялық тесікті қарастыруға рұқсат етіледі.

6.1.30 Сигналдық клапанның құрастырылымында Б қосымшасының Б.1 кестесінде берілген су құбыры желісі үшін технологиялық ойықты тесіктер қарастырылуға тиіс.

6.1.31 Сигналдық клапан іске қосылған кезде қысымның сигнал бергішіне және дыбыстық өрт гидравликалық хабарлағышқа басқару әсерін жүзеге асыру қажет.

6.1.32 Тиекті құрылғыдан төмен орналасқан төгу тесігінде сигналдық клапанның тиекті құрылғысын ашық күйде сигналдық клапан іске қосылған кезде оның қалпын бекітетін құрылғымен жарақтандыруға рұқсат етіледі.

6.1.33 Басқарудың ауалы торабы байлауында орнатылған құрғату клапаны 0,14 МПа-дан артық қысым кезінде спринклерлі сигналды ауа клапанының ауа камерасындағы құрғату желісін жабуға және 0,14 МПа кем қысымда ашылуға тиіс.

Кезекші режимде құрғату клапаны ашық қалыпта болуға тиіс.

6.1.34 Қайтымды клапанның тиекті құрылғысы ашылатын гидравликалық қысым 0,05 МПа-дан аспауға тиіс.

6.1.35 Орындалу типіне қарай қайтымды клапанның шартты диаметрі 10; 15; 25; 32; 40; 50; 65; 80; 100; 150; 200; 250 немесе 300 мм-ді құрауға тиіс.

6.1.36 Орындалу типіне қарай кранның шартты диаметрі 1; 2; 3; 4; 5; 10; 25; 32; 40; 50 немесе 65 мм-ді құрауға тиіс.

6.1.37 Қол ысырмаларын, жапқыштарды немесе крандарды қимылға келтіру күші ГОСТ 21752 және ГОСТ 21753 бойынша талаптарға сәйкес келуге тиіс.

6.1.38 Ысырмалардың, жапқыштардың немесе крандардың құрастырылымы жұмыстық қалыпта оларды пломбалауды жүргізуге мүмкіндік беруге тиіс.

6.1.39 Ысырмаларды, жапқыштарды немесе крандарды қарау кезінде ашық немесе жабық қалпында осы тиекті құрылғының жай-күйін көзбен шолып бақылау мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс. Ысырмалар, жапқыштар немесе крандар бағдармен жабдықталуға және (немесе) «Ашық» - «Жабық» деген жазулары болуға тиіс.

6.2 Материалдарға қойылатын талаптар

6.2.1 Басқару тораптары мен жиынтықтау жабдықтарының құйылған бөлшектерінің бетінде тереңдігі қабырғаның қалыңдығынан 10 % асатын және ұзындығы 2 мм-ден асатын қаяулар, сызаттар, бөгде қосылыстар болмауы керек.

6.2.2 Басқару тораптары мен жиынтықтау жабдықтарының бөлшектерінің ойықтары толық профильді болуға, жаншылуы, соқпадақ, тіліктер мен үзілген жіптер болмауға тиіс.

Ойықтың жергілікті үзілулері мен ұсақтанулар 10 %-дан артық кесік ұзындығын алып жатпауға тиіс, бұл ретте бір орамда оның ұзындығының 20 %-ынан артық емес.

6.2.3 *Басқару тораптары мен жиынтықтау жабдықтары жасау үшін қолданылатын материалдар жасау және пайдалану кезінде адам ағзасына зиянды және тітіркену әсерін бермеуге тиіс.*

6.2.4 *Басқару тораптары мен жиынтықтау жабдықтарын жасау үшін қолданылатын материалдардың олардың сапасын растайтын құжаттамасы болуға тиіс.*

6.3 Сыртқы әсерлерге қойылатын төзімділік талаптары

6.3.1 *Басқару тораптары мен жиынтықтау жабдықтарының болат бөлшектері жемірілу әсеріне төзімді болуға тиіс.*

Жемірілуге ұшырайтын және жемірілуге төзімді емес материалдан жасалған басқару тораптары мен жиынтықтау жабдықтарының бөлшектерінің ГОСТ 9.032 бойынша VI төмен емес класты қорғаныш лак-бояу жабыны болуға тиіс.

Басқару тораптары мен жиынтықтау жабдықтарының бөлшектері ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026, ГОСТ 12.3.046 және ГОСТ 14202 талаптарына сәйкес боялуға тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Байлау құбыржолын ақ немесе күміс түске бояуға рұқсат етіледі.

6.3.2 *Басқару тораптары мен жиынтықтау жабдығы сыртқы ортаның климаттық факторы әсер ету жағдайында пайдаланған кезде беріктік пен қымтақтықты қамтамасыз етуге тиіс.*

6.3.3 Басқару тораптары мен жиынтықтау жабдықтары шарттары ГОСТ 15150 сәйкес келуге тиіс.

Басқару тораптары мен жиынтықтау жабдықтарын пайдаланудың температуралық ауқымы белгіленген тәртіппен бекітілген нақты типтегі басқару тораптары мен жиынтықтау жабдығына арналған техникалық құжаттамада берілуге тиіс.

6.3.4 *Басқару тораптары мен жиынтықтау жабдықтарының құрастырылымы 1 мм тербеліс амплитудасы бар, (5 ± 1) Гц бастап (40 ± 1) Гц дейін жиілігі бар синусоидалды діріл әсері кезінде беріктік пен қымтақты қамтамасыз етуге тиіс.*

6.4 Сенімділік талаптары

6.4.1 Басқару тораптары мен жиынтықтау жабдығы іске қосылудың 500 циклінен кейін жұмысқа қабілеттілігін сақтауға тиіс.

ЕСКЕРТПЕ *10 с ішінде Рсынам = 1,1 Ржұмтах тең Рсынам, сынама гидравликалық немесе пневматикалық қысыммен басқару торабына немесе жиынтықтау жабдығына әсер цикл деп саналады.*

6.4.2 Басқару тораптары мен жиынтықтау жабдықтарының іске шықпай жұмыс істеу ықтималдығы кезекші режимде ГОСТ 27.410 бойынша 0,993-тен кем болмауға тиіс.

6.5 Жиынтықтылығы

6.5.1 *Жеткізу жиынтығына мыналар енуге тиіс:*

- өрт сөндіру қондырғысының типіне сәйкес келетін басқару торабы мен жиынтықтау жабдығы;

- қосалқы бөлшектер, қажет жағдайда арнайы аспаптар мен керек-жарақтар;

- ішіне мыналар кіретін, ГОСТ 2.601 талаптарына сәйкес әзірленген техникалық құжаттама;

- техникалық сипаттама, басқару торабына толық және оның құрамына кіретін жиынтықтау жабдығын жинақтау мен пайдалану жөніндегі нұсқаулық;

- дайындаушы-зауыт бекіткен басқару торабы мен жиынтықтау жабдығына арналған паспорт;

-басқару торабының және жиынтықтау жабдығының жалпы түрінің сызбалары;

- жинақтау сызбалары, басқару тораптары мен жиынтықтау жабдығының электрлік және гидравликалық сұлбалары;

- қатты тозуға бейім бөлшектердің сызбасы;

- жөндеу құжаттамасы.

1-ЕСКЕРТПЕ *Тұтынушының (тапсырыс берушінің) талап етуімен жеткізу жиынтығын өзгертуге және толықтыруға рұқсат етіледі.*

2-ЕСКЕРТПЕ *Сертификаттық сынақтар жүргізу үшін жиынтыққа қосымша сынақ стендінде байлау және бекіту элементтері (бұранда, сомын, ернемек және жалғақ) енеді.*

6.5.2 *Басқару тораптары мен жиынтықтау жабдығына арналған техникалық құжаттамада мынадай деректер болуға тиіс:*

- дайындаушы-кәсіпорынның атауы және оның заңды мекен жайы;

- бұйымның шартты белгілеуі;

- басқару торабының түрі;

- жиынтықтылығы;

- габаритті және қосу өлшемдері, мм;

- салмағы, кг;

- максималды жұмыстық қысымы, Ржұмтах, МПа;

-басқару торабының іске қосылу уақыты, с;

- прис түрі;

- қорек және тарату құбыржолының толу ортасы;

- құбыржолдағы жұмыстық қалпы;

- арқаумен қосу типі;

- жұмыстық температура ауқымы ГОСТ 15150 бойынша, ^{o}С;

- тасымалдау таңбалауын түсіру тәсілі;

- жинақтау сұлбасы;

- сақтаудың кепілді мерзімі, ай;

- пайдаланудың кепілді мерзімі, ай;;

- қызмет көрсету мерзімі, жыл;

- жасалған айы мен жылы.

6.5.3 *Техникалық құжаттамада мынадай деректер қосымша жазылуға тиіс:*

а) *қолданылатын акселератор туралы:*

- (0,20 ± 0,02) МПа ауа қысымы кезінде іске қосылу уақыты, с;
- ауа шығыны, дм^3/с;
- акселератор реттелетін қысым айырымы, МПа;
- (0,35 ± 0,05) МПа қысым астындағы ауа камерасынан ауа шыққан кезде (0,20 ± 0,02) МПа қысымның жету уақыты, с;

б) *қолданылатын эксгаустер туралы:*

- (0,20 ± 0,02) МПа ауа қысымы кезінде іске қосылу уақыты, с;
- ауа шығыны, дм^3/с;
- эксгаустер реттелетін қысым айырымы, МПа;
- (0,35 ± 0,05) МПа қысым астындағы ауа камерасынан ауа шыққан кезде (0,20 ± 0,02) МПа қысымның жету уақыты, с;

в) *қолданылатын гидроүдеткіш туралы:*

- іске қосылу уақыты , с;
- гидроүдеткіш іске қосылатын қысым айырымы, МПа;

г) *қолданылатын сүзгіштер туралы:*

- сүзгі тесігінің толық ауданы туралы, мм^2;

- сүзгіш ұяшығының максималды өлшемі, мм;

д) *қолданылатын қысымның сигнал бергіші туралы:*

- іске қосылу уақыты және қысымның сигнал бергішінің іске қосылуы туралы сигналдың кідіріс уақыты, с;

- қысымның сигнал бергішінің іске қосылу қысымы, МПа;

е) *қолданылатын сұйықтық ағынының сигнал бергіші туралы:*

- шартты диаметрі, мм;

- іске қосылу уақыты сұйықтық ағыны сигнал бергішінің іске қосылуы туралы сигналдың кідіріс уақыты (кідірістің арнайы құралдары болған кезде),с;

- сұйықтық ағынының сигнал бергіші іске қосылатын судың минималды шығыны, $дм^3/с$;

ж) *қолданылатын компенсатор туралы:*

- шартты диаметрі, мм;

- компенсатор арқылы су шығыны, $дм^3/с$;

и) *қолданылатын кідіріс камерасы туралы:*

- сыйымдылығы, $дм^3$;

- кідіріс камерасынан суды төгу ұзақтығы, с;

к) *қолданылатын сигналдық клапан туралы:*

- шартты диаметрі, мм;

- қысымның сигнал бергіш желісін қосу үшін технологиялық тесіктің диаметрі, мм;

- Б қосымшасының Б.1 кестесінде берілген су құбыры желілері үшін технологиялық тесіктің диаметрі;

- сигналды клапанның іске қосылу уақыты, с;

- сигналды ауа клапанының жұмыстық қысымының айырымы, (су, ауа);

- спринклерлі ауалы сигналды клапанның ауа камерасынан су шығыны, $дм^3/с$;

- электрприс болған кезде дренчерлі сигналды клапанның тұтыну қуаты, Вт;

л) *қолданылатын құрғату клапаны туралы:*

- қысым кезіндегі су шығыны (0,14 ± 0,02) МПа, $дм^3/с$;

- құрғату клапанының іске қосылу уақыты, с;

м) *қолданылатын қайтымды клапандар туралы:*

- қайтымды клапанның шартты диаметрі, мм;

- қайтымды клапанның іске қосылу уақыты, с;

- қайтымды клапанның тиекті құрылғысы ашылатын гидравликалық қысым, МПа;

н) *қолданылатын ысырмалар, жапқыштар мен крандар туралы:*

- ысырманың, жапқыш немесе кранның шартты диаметрі, мм;

-электржетегі бар ысырмалар мен жапқыштардың іске қосылу уақыты, с;

- электрприс болған кезде ысырмалар мен жапқыштардың тұтыну қуаты, Вт;

- ысырмаларды, жапқыштар мен крандарды қимылға келтіру күші, Н.

6.6 Буып түю және таңбалау

6.6.1 *Басқару тораптары мен жиынтықтау жабдығының «Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес таңбалауы болуға тиіс.*

6.6.2 Басқару торабына А4 пішімнен кем емес кестеше қоса берілуге тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Кестешедегі қаріп регламенттелмейді, ал әріптер мен цифрлар 10 мм-ден кем болмауға тиіс.

Кестешені таңбалауды оның қызмет ету мерзімі ішінде сақталуын қамтамасыз ететін кез келген тәсілмен жүргізген жөн.

6.6.3 Кестеше 6.6.1 талаптарына сәйкес келуге, және мынадай қосымша деректері болуға тиіс:

- басқару торабын шартты белгілеу;
- басқару торабының жиынтықтау жабдығын шартты белгілеу;
- қорек құбырының күйі (сумен толтырылған немесе ауалы);
- шартты диаметрі, мм;
- максималды жұмыстық қысымы, МПа;
- сұйықтық ағынының бағыты немесе: «Кіру», «Шығу» деген сөздер;
- зауыттық нөмірі;
- жасалған айы мен жылы.

6.6.4 Шартты диаметрі 50 мм-ден асатын басқару торабының жиынтықтау жабдығын таңбалау техникалық қызмет көрсету жүргізу және оның жоғалуын болдырмайтын әдіспен бекітілген техникалық құжаттамамен салыстыру үшін қолжетімді жерде тұрқыға бекітілуге тиіс.

Шартты диаметрі 40 мм басқару торабының жиынтықтау жабдығын таңбалауды биркаға түсіруге рұқсат етіледі.

6.6.5 Басқару торабының жиынтықтау жабдығын таңбалау оны пайдаланудың барлық мерзімі ішінде сақталуға тиіс.

6.6.6 Басқару торабының жиынтықтау жабдығын таңбалау 6.6.1 талаптарына сәйкес келуге және мынадай қосымша деректері болуға тиіс:

а) сигналды клапан үшін:

- шартты белгілеу;
- шартты диаметрі, мм;
- жұмыстық қысымның ауқымы (немесе максималды жұмыстық қысымы, *Ржұмтах*), МПа;
- сұйықтық ағынының бағыты немесе: «Кіру», «Шығу» деген сөздер;
- кеңістіктегі сигналдық клапанның жұмыстық қалпының белгісі;
- басқару торабында байлауды қамтамасыз ететін сигналдық клапанның тұрқындағы тесіктің шартты белгілеуі;
- егер сигналдық клапанға 220 В немесе 380 В кернеу берілсе, қысқыш және жерге қосу белгісі;

б) құрғату клапаны үшін:

- шартты белгілеуі ;
- қосу өлшемі, мм;
- максималды жұмыстық қысымы, *Ржұмтах,* МПа;

в) қайтымды клапан үшін:

- шартты белгілеуі ;
- шартты диаметрі, мм;
- жұмыстық қысым ауқымы (немесе максималды жұмыстық қысымы, *Ржұмтах*), МПа;
- сұйықтық ағынының бағыты немесе: «Кіру», «Шығу» деген сөздер;
- кеңістіктегі клапанның жұмыстық қалпының белгісі;

г) ысырмалар мен жапқыштар үшін:

- шартты белгілеуі ;
- шартты диаметрі, мм;
- жұмыстық қысым ауқымы (максималды жұмыстық қысымы, *Ржұмтах*), МПа;
- егер ысырма немесе жапқышқа 220 В немесе 380 В кернеу берілсе, қысқыш және жерге қосу белгісі;

- сұйықтық ағынының бағытын көрсететін меңзер;
- сұйықтық ағынының бағыты немесе: «Кіру», «Шығу» деген сөздер;

ЕСКЕРТПЕ Егер ысырманың немесе жапқыштың сұйықтық ағынының еңуі немесе шығуы үшін кез келген бағыты бар болса, бұл белгілеуді жазбауға рұқсат етіледі.

д) кран үшін:
- шартты белгілеуі ;
- шартты диаметрі, мм;
- максималды жұмыстық қысымы, *Ржұмтах,* МПа;
- сұйықтық ағынының бағытын көрсететін меңзер;

е) қысымның сигнал бергіші үшін:
- шартты белгілеуі ;
- жұмыстық қысым ауқымы (немесе максималды жұмыстық қысымы, *Ржұмтах*), МПа;
- іске қосылу қысымы, МПа;
- кеңістіктегі жұмыстық қалпының белгісі;
- егер коммутацияланатын кернеу 24 В болса, қысқыш және жерге қосу белгісі;

ж) сұйықтық ағынының сигнал бергіші үшін:
- шартты белгілеуі ;
- шартты диаметрі, мм;
- жұмыстық қысым ауқымы (немесе максималды жұмыстық қысымы, *Ржұмтах,*), МПа;
- іске қосылу шығыны, $дм^3/с$;
- кеңістіктегі жұмыстық қалпының белгісі;
- сұйықтық ағынының бағыты немесе: «Кіру», «Шығу» деген сөздер;
- егер коммутацияланатын кернеу 24 В-тан артық болса, қысқыш және жерге қосу белгісі;

и) кідіріс камерасы:
- шартты белгілеуі ;
- максималды жұмыстық қысымы, *Ржұмтах,* МПа;
- сыйымдылығы, $дм^3$;

к) акселератор, эксгаустер немесе гидроүдеткіш үшін:
- шартты белгілеуі ;
- максималды жұмыстық қысымы, *Ржұмтах,* МПа;
- шартты диаметрі, мм;
- сұйықтық ағынының бағыты немесе: «Кіру», «Шығу» деген сөздер;

л) компенсатор немесе сүзгіш үшін:
- шартты белгілеуі ;
- шартты диаметрі, мм;
- максималды жұмыстық қысымы, *Ржұмтах,* МПа.

6.6.7 *Тасымалдау ыдысының түрі мен таңбалау дайындаушы-кәсіпорын мен тұтынушы (тапсырыс беруші) арасындағы келісім бойынша айқындалады.*

6.6.8 *Техникалық құжаттама ГОСТ 23170 бойынша буып-түйілуге тиіс.*

6.6.9 *Тасымалдау ыдысына буып-түйер алдында басқару тораптары немесе жиынтықтау жабдығы сақтау шарты Ж, бұйым тобы 1 үшін ГОСТ 9.014 бойынша консервациядан өтуге тиіс.*

Уақытша жемірілуден қорғау нұсқасы «ВЗ-1», ішкі буып-тую нұсқасы ГОСТ 9.014 бойынша «ВУ-0».

6.6.10 *Басқару тораптары немесе жиынтықтау жабдығы ГОСТ 2991 бойынша тасымалдау ыдысына (жәшікке) буып-түйілуге тиіс.*

6.6.11 *Оған өнімдерді буып-түю салмағы 50 кг-нан аспауға тиіс.*

6.6.12 Тасымалдау ыдысына ішінде мыналар жазылған буып-түю парағы салынуға тиіс:

- дайындаушы-кәсіпорынның атауы мен тауарлық белгісі немесе саудалық маркасы;
- бұйымның шартты белгілеуі;
- бұйым саны;
- топтама нөмірі;
- *буып-түйілген күні.*

6.6.13 Ыдыспен келетін басқару тораптары немесе жиынтықтау жабдығы үшін әрбір жәшікке ГОСТ 14192 бойынша тасымалдау таңбалауы жазылуға тиіс.

7 Қауіпсіздік талаптары

7.1 *Өрт сөндіру қондырғысының басқару тораптарын және жиынтықтау жабдықтарын пайдалану, техникалық қызмет көрсету, сынау және жөндеу кезінде «Ғимараттарды, үй-жайлар мен имараттарды автоматты өрт сөндіру және автоматты өрт сигнал беру жүйелерімен жабдықтау, өрт кезінде адамдарға хабарлау және көшіруді басқару бойынша талаптар» техникалық регламентінде, ҚР СТ 1899, ҚР СТ 1903, ГОСТ 12.2.003, ГОСТ 12.2.063, ГОСТ 12.3.046, сондай-ақ [2] және [3] белгіленген қауіпсіздік талаптары сақталуға тиіс..*

7.2 Басқару тораптарына немесе жиынтықтау жабдықтарына техникалық қызмет көрсету, сынау және жөндеу бойынша жұмыстарға:

- ГОСТ 12.0.004 и ГОСТ 12.0.230 бойынша арнайы нұсқаулықтан және еңбектің қауіпсіз әдістеріне оқудан өткен;

- денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен медициналық байқаудан өткен адамдар жіберілуге тиіс.

7.3 *Қысым астындағы басқару тораптары мен жиынтықтау жабдықтарына техникалық қызмет көрсетуге (жинақтауын шешуге, бекіту бөлшектерін тартуға) тыйым салынады.*

7.4 *Электрлік жабдықтар мен өрт сөндіру қондырғыларының құбыржолдары жерге қосылуға тиіс.*

7.5 *Сынақ немесе жөндеу жұмыстары жүргізілетін орындарда «Сынақ жүргізілуде! деген түсіндірме жазбасы бар ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026 бойынша «Абайлаңыз! Басқа да қауіптер бар» деген ескерту белгілері, сондай-ақ қауіпсіздік ережесі мен нұсқаулықтар болуға тиіс.*

7.6 *Басқару тораптары мен жиынтықтау жабдықтарына техникалық қызмет көрсету, сынау, жөндеу бойынша жұмыстар жүргізілетін үй-жайлар ҚР ҚНжЕ 2.04-05 талаптарына сәйкес жарықтандыруы және ҚР ҚНжЕ 4.02-42 бойынша жылытуы болуға тиіс.*

8 Қабылдау тәртібі

8.1 Жиынтықтау жабдығы бар әрбір басқару торабы немесе жиынтықтау жабдығының әрбір түрі мынадай сынақ түрлеріне ұшыратылады:

- қабылдау-тапсыру;
- кезеңдік;
- типтік;
- сертификаттық.

8.2 Қабылдау-тапсыру сынақтарына тұтастай немесе әрбір жиынтықтау жабдығы ұшыратылады.

Құрастырылымдық құжаттамаға өнімнің сәйкестігіне сынауды дайындаушы-кәсіпорынның техникалық бақылау қызметінің мамандары жүргізеді.

Топтама деп бір құжатпен қоса берілетін өнім саны қабылданады.

8.3 Кезеңдік сынақтар өнім сапасының тұрақтылығын және өнім шығаруды жалғастыру мүмкіндігін бақылау мақсатында қабылдау-тапсыру сынақтарынан өткен жиынтықтау жабдығы бар басқару тораптары үлгісінде жылына кемінде бір рет жүргізіледі.

8.4 Типтік сынақтар бұйымның құрастырылымы өзгерген және (немесе) кезеңдік сынақтар бағдарламасы бойынша материалды ауыстырған кезде жүргізіледі.

8.5 Сертификаттық сынақтарға осы стандарттың талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында тұтастай басқару торабы немесе әрбір жиынтықтау жабдығы ұшыратылады.

Сертификаттық сынақтарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттей жүйесінде аккредиттелген, меншік нысанына қарамай сынақ зертханалары жүргізеді.

Сертификаттық сынақтарды жүргізу және өнімнің үлгілерін іріктеу тәртібі ГОСТ 18321 және [1] талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Сыналатын үлгілер саны бестен кем болмауға тиіс.

Өнімді сынау нәтижелері сертификаттық сынақтың хаттамасымен рәсімделуге тиіс. Құрамы бойынша хаттама нысаны ҚР СТ ИСО/МЭК 17025 (5.10 тармақ) талаптарына сәйкес келуге тиіс.

8.6 *Басқару тораптары мен жиынтықтау жабдықтарының бақылау сынақтарының басқа түрлерін ГОСТ 16504 талаптарына сәйкес дайындаушы-кәсіпорын мен әзірлеуші әзірлеген бағдарлама бойынша дайындаушы-кәсіпорын жүргізеді.*

8.7 Басқару тораптары мен жиынтықтау жабдықтарын қабылдау-тапсыру, кезеңдік және сертификаттық сынау көлемі В қосымшасының В.1 кестесіне сәйкес қабылдау қажет.

8.8 Сынақтың қандай да бір түрінен теріс нәтиже алынған жағдайда ақаудың себебі анықталып жойылғанға дейін сынақ жүргізу тоқтатылады, одан кейін сынақ толық көлемде қайталанады.

Қайта сынау нәтижелері соңғы болып табылады.

9 Сынау әдістері

9.1 *Сынау шарттары*

Сынақтар ГОСТ 15150 (3.15 тармақ) талаптарына сәйкес келетін қалыпты климаттық жағдайы бар үй-жайларда жүргізілуге тиіс.

9.2 *Сынақ құралдары*

9.2.1 *Сынақ кезінде қолданылатын өлшеу құралдарының ҚР СТ 2.21 сәйкес типін бекіту туралы немесе ҚР СТ 2.30 сәйкес метрологиялық аттестаттау сертификаты болуға, Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету тізілімінде тіркелуге және ҚР СТ 2.4 сәйкес салыстырып тексерілуге тиіс.*

9.2.2 *Нормаланған сыртқы әсер етуші факторларды және (немесе) жүктемені шығаратын сынақ жабдығы ҚР СТ 2.75 сәйкес аттестатталуға тиіс.*

9.2.3 *Сынақ жүргізу үшін 9.2.1 және 9.2.2 талаптарына сәйкес келетін, ұқсас метрологиялық сипаттамалары бар және нормаланған сыртқы әсер етуші факторларды және (немесе) жүктемені шығаратын сынақ құралдарын қолдануға рұқсат етіледі.*

9.3 Сынақ жүргізу

9.3.1 Габаритті және қосу өлшемдерін анықтау бойынша сынақтар

9.3.1.1 *Сынақ құралдары:*

- ГОСТ 427 бойынша бөлу құны 1 мм металл сызғыш;

- ГОСТ 7502 бойынша бөлу құны 1 мм металл рулетка;

- штангенциркуль ГОСТ 166 бойынша.

9.3.1.2 *Сынақ жүргізу*

Басқару тораптарының және жиынтықтау жабдығының габаритті және қосу өлшемдерін, сондай-ақ байлаудың жиынтықтау ойығы мен технологиялық тесіктерін, сүзгіш ұяшығының өлшемдері мен сүзгіштің тесігінің толық ауданын өлшеп анықтайды.

Нақты типтегі өнімнің бір түрі үшін әрбір өлшемді параллель үш рет өлшеуді жүргізеді.

9.3.1.3 *Сынақ нәтижелері*

Орташа арифметикалық мән ретінде өлшеу нәтижесі қабылданады.

Егер:

- габаритті және қосу өлшемдерінің орташа арифметикалық мәні нақты типтегі өнімге арналған техникалық құжаттамада белгіленген параметрлерге сәйкес келсе;

- 6.1.3, 6.1.4, 6.1.21, 6.1.23, 6.1.25, 6.1.27, 6.1.28 және 6.1.29 талаптары қамтамасыз етілсе, басқару торабы және жиынтықтау жабдығы сынақтан өткен болып саналады.

9.3.2 Салмағын анықтау бойынша сынақтар

9.3.2.1 *Сынақ құралдары*

Басқару тораптары мен жиынтықтау жабдығының салмағын бөлуі 0,05 кг-нан аспайтын, өлшеу шегі 50 кг-ға дейінгі, ГОСТ 29329 бойынша таразыларда өлшеп анықтайды.

9.3.2.2 *Сынақ жүргізу*

Нақты типтегі өнімнің әрбір түрін параллель үш рет өлшейді.

9.3.2.3 *Сынақ нәтижелері*

Нақты типтегі өнімнің әрбір типін параллель үш рет өлшеудің орташа арифметикалық санын нәтиже деп қабылдайды.

Егер салмақтың орташа арифметикалық мәні нақты типтегі өнімге арналған техникалық құжаттамада белгіленген мәндерге сәйкес келсе, басқару тораптары мен жиынтықтау жадбығы сынақтан өткен болып саналады.

9.3.3 Жұмыстық қысым ауқымында жұмысқа қабілеттілігін (іске қосылуын) анықтау бойынша сынақтар

9.3.3.1 *Сынақ құралдары:*

- ГОСТ 24054 бойынша пневматикалық стенд;

- 0,1 МПа бастап 10,0 МПа дейінгі ауқымында сынақ ортасын беруді қамтамасыз ететін, ± 2 % қателігі бар гидравликалық стенд;

- сынақ ортасы: су ГОСТ 2874 бойынша;

- шығын өлшегіш ГОСТ 28723 бойынша;

- манометр ГОСТ 18140 бойынша;

- 1 сағ. ішінде 10 с аспайтын өлшеу қателігі бар секундөлшегіш,.

9.3.3.2 *Сынаққа дайындық*

Орындалу типіне қарай басқару тораптары мен жиынтықтау жабдығы гидравликалық немесе пневматикалық стендіге орнатылады және белгіленген тәртіппен бекітілген нақты типтегі өнімге арналған техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес бекітіледі.

Пневматикалық және гидравликалық стенділерде спринклерлі ауамен басқару торабын немесе спринклерлі ауалы сигналдық клапанды сынау жүргізіледі.

Гидравликалық стендіде мыналарды сынауды жүргізеді:

- спринклерлі сумен толтырылған басқару торабы немесе сумен толтырылған спринклерлі сигналдық клапан;

- дренчерлі басқару тораптары немесе дренчерлі сигналдық клапан;

- ысырмалар, жапқыштар мен крандар.

9.3.3.3 *Сынақ жүргізу:*

а) спринклерлі ауамен басқару торабының немесе спринклерлі ауалы сигналдық клапанның жұмысқа қабілеттілігін (іске қосылуын) анықтау бойынша сынақтар пневматикалық стендінің көмегімен (0,60 ± 0,06) дм^3/с шегінде ауа шығынын және (0,20 ± 0,02) МПа шегінде ауа қысымын жасау жолымен жүргізіледі.

Гидравликалық стендіде су қысымының екі мәні кезекпен: (0,14 ± 0,01) және МПа белгіленген тәртіппен бекітілген нақты типтегі басқару торабына немесе сигналдық клапанға арналған техникалық құжаттамаға сәйкес келетін, $P_{раб}^{max}$ максималды жұмыстық қысымы жасалады.

Қысымның әрбір мәнінде сынақ саны үштен кем болмауға тиіс.

б) спринклерлі ауамен басқару торабының немесе спринклерлі ауалы сигналдық клапанның, сондай-ақ дренчерлі басқару торабының немесе дренчерлі сигналдық клапанның жұмысқа қабілеттілігін (іске қосылуын) анықтау бойынша сынақтар гидравликалық стендінің көмегімен (0,45 ± 0,05) дм^3/с шегінде су шығынын жасау жолымен жүргізіледі.

Гидравликалық стендіде су қысымының екі мәні кезекпен: (0,14 ± 0,01) және МПа белгіленген тәртіппен бекітілген нақты типтегі басқару торабына немесе сигналдық клапанға арналған техникалық құжаттамаға сәйкес келетін , $P_{раб}^{max}$ максималды жұмыстық қысымы жасалады.

Қысымның әрбір мәнінде сынақ саны үштен кем болмауға тиіс.

в) ысырмалардың, жапқыштар мен крандардың жұмысқа қабілеттілігін (іске қосылуын) анықтау бойынша сынақтар 0 МПа бастап белгіленген тәртіппен бекітілген нақты типтегі ысырмаға, жапқыштарға немесе крандарға арналған техникалық құжаттамаға сәйкес келетін, $P_{раб}^{max}$ максималды жұмыстық қысымға дейін гидравликалық қысымды жасау жолымен жүргізіледі.

Қысымның өсу жылдамдығы 0,02 МПа/с аспауға тиіс.

Бір шеткі қалпынан екіншісіне ауыстыру жолымен тиекті құрылғыға әсер етеді.

Қысымның әрбір мәнінде сынақ саны үштен кем болмауға тиіс.

9.3.3.4 *Сынақ нәтижелері:*

Егер:

а) басқару торабының сигналдық клапанының тиекті құрылғысы ашық болса.

б) іске қосылса:

- сигнал бергіш құрылғының түйіспелі тобы;

- автоматты құрғату клапаны.

в) өрт дыбыстық гидравликалық хабарлағыш желісінде іске қосылу қысымы 0,06 МПа кем болмаса *спринклерлі басқару торабы немесе спринклерлі ауалы сигналдық клапан сынақтан өткен болып саналады.*

Егер:

- басқару торабы сигналдық клапанының тиекті құрылғысы ашық болса;

- сигнал бергіш құрылғының түйіспелі тобы іске қосылса;

- өрт дыбыстық гидравликалық хабарлағыш желісінде іске қосылу қысымы 0,06 МПа кем болмаса *спринклерлі сумен толтырылған басқару жүйесі немесе спринклерлі сумен толтырылған сигналдық клапан, сондай-ақ дренчерлі басқару торабы немесе дренчерлі сигналдық клапан сынақтан өткен болып саналады.*

Егер:

- ысырманың, жапқыштар мен крандардың тиекті құрылғысы ашық болса;

- ысырмалар мен жапқыштардың шеткі қалыптарында ұштық ажыратқыштардың түйіспелі іске қосылуы болса *ысырмалар, жапқыштар мен крандар сынақтан өткен болып саналады.*

9.3.4 Құрастырылымның беріктігін анықтау бойынша сынақтар

9.3.4.1 *Сынақ құралдары:*

- 0,1 МПа бастап 10,0 МПа дейін ауқымында сынақ ортасын беруді қамтамасыз ететін, ± 2 % қателігі бар гидравликалық стенд;

- сынақ ортасы: су ГОСТ 2874 бойынша;

- манометр ГОСТ 18140 бойынша;

- 1 сағ. ішінде 10 с аспайтын өлшеу қателігі бар секундөлшегіш.

9.3.4.2 Сынаққа дайындық

Сынақтарға ілгекті өрт құрылғысы, акселератор, эксгаустер, гидроүдеткіш, қысымның сигнал бергіші, сұйықтық ағынының сигнал бергіші, құрғату клапаны, кідіріс камерасы, компенсаторлар мен сүзгіштер ұшыратылады.

Орындалу типіне қарай әрбір жиынтықтау жабдығы гидравликалық стендіге орнатылады және белгіленген тәртіппен бекітілген нақты типтегі өнімге арналған техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес бекітіледі.

9.3.4.3 *Сынақ жүргізу:*

а) өрт ілгекті құрылғысы құрастырылымының беріктігін сынау ашық тиекті құрылғыда жүргізіледі.

Басқару торабында орнатылған ілгекті өрт құрылғысының құрастырылымын сынау кезінде қысымның сигнал бергішінің, акселератордың, гидравликалық қозғау жүйесінің эксгаустері мен гидроүдеткішінің арқаулы желілері жабылады.

Сынақ ортасын тең $Рсынам._{г} = 1,5\ Р_{раб}^{max}$ $Рсынам._{г}$, сынама гидравликалық қысымға дейін жеткізеді және үлгіні 5 минуттан кем емес уақыт ұстайды.

Қысымның өсу жылдамдығы 0,5 МПа/с аспауға тиіс.

1-ЕСКЕРТПЕ *Жұмыстық максималды қысым $Р_{раб}^{max}$ белгіленген тәртіппен бекітілген нақты типтегі өнімге арналған техникалық құжаттамада белгіленуге тиіс.*

2-ЕСКЕРТПЕ *Сынама гидравликалық қысым мәнінің ауытқуы ± 5 %-дан аспауға тиіс.*

б) акселераторлар мен эксгаустердің құрастырылымының беріктігін сынауды тиекті жабық құрылғыда жүргізеді.

Сынақ ортасын $Рсынам._{г} = 1,5\ Р_{раб}^{max}$ тең $Рсынам._{г}$, сынама гидравликалық қысымға дейін береді және үлгіні 5 минуттан кем емес уақыт ұстайды.

ЕСКЕРТПЕ Сынақ ортасын қуысқа береді, ол арқылы осы құрылғылар іске қосылған кезде ауаның шығуы жүзеге асырылады.

Қысымның өсу жылдамдығы 0,5 МПа/с аспауға тиіс.

в) *гидроүдеткіш құрастырылымын, қысымның сигнал бергішін, сұйықтық ағынының сигнал бергішін, құрғату клапанын, кідіріс камерасын, компенсаторды және сүзгішті беріктігіне сынау жиынтықтау жабдығының әрбір түрі үшін бөлек жүргізіледі.*

Сынақ ортасын $Рсынам._{г} = 1,5\ Р_{раб}^{max}$ тең $Рсынам._{г}$, сынама гидравликалық қысымға дейін береді және үлгіні 5 минуттан кем емес уақыт ұстайды.

Қысымның өсу жылдамдығы 0,5 МПа/с аспауға тиіс

9.3.4.4 *Сынақ нәтижелері*

Егер:

- көзбен шолып бақылау кезінде тұрқының қабырғасында сынақ ортасының ағулары, механикалық бұзушылықтар немесе көзге көрінетін қалдық пішін өзгерісі болмаса;

- *6.1.6 талаптары қамтамасыз етілсе* ілгекті өрт құрылғысы және жиынтықтау жабдығы сынақтан өткен болып саналады.

9.3.5 Құрастырылымның қымтақтығын анықтау бойынша сынақтар

9.3.5.1 *Сынақ құралдары:*

- 0,1 МПа бастап 10,0 МПа дейін ауқымында сынақ ортасын беруді қамтамасыз ететін ± 2 % қателігі бар гидравликалық стенд;

- сынақ ортасы: су ГОСТ 2874 бойынша;

- манометр ГОСТ 18140 бойынша;

- 1 сағ. ішінде 10 с аспайтын өлшеу қателігі бар секундөлшегіш.

9.5.2 *Сынаққа дайындық*

Сынақтарға басқару тораптары ілгекті өрт құрылғысы және басқа да жиынтықтау жабдығы ұшыратылады.

Орындалу типіне қарай басқару тораптары немесе әрбір жиынтықтау жабдығы гидравликалық стендіге орнатылады және белгіленген тәртіппен бекітілген нақты типтегі өнімге арналған техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес бекітіледі.

9.3.5.3 *Сынақ жүргізу:*

а) басқару торабының және ілгекті өрт құрылғысының құрастырылымын қымтақтығына сынау тиекті құрылғылардың кезекші және жұмыстық қалпында гидравликалық қысымның әсерімен жүргізіледі.

Басқару тораптары мен сигналдық клапанды жинақта сынау кезінде байлаудың барлық арқаулы желілері жабылуға тиіс.

Сынақ ортасын $Рсынам._{г}$ = 1,5 $Р_{раб}^{max}$ тең $Рсынам._{г}$, сынама гидравликалық қысымға дейін береді және үлгіні 5 минуттан кем емес уақыт ұстайды.

ЕСКЕРТПЕ *Жұмыстық максималды қысым $Р_{раб}^{max}$ белгіленген тәртіппен бекітілген нақты типтегі өнімге арналған техникалық құжаттамада белгіленуге тиіс.*

Қысымның өсу жылдамдығы 0,1 МПа/с аспауға тиіс.

б) тиекті құрылғысы жоқ басқа жиынтықтау жабдығының құрастырылымын қымтақтығына сынауды сыналатын жабдықтың барлық жұмыстық қуысында $Рсынам._{г}$ = 1,5 $Р_{раб}^{max}$ тең $Рсынам._{г}$, сынама гидравликалық қысымды жасау жолымен жүргізеді және үлгіні 5 минуттан кем болмайтын уақыт ұстайды.

Қысымның өсу жылдамдығы 0,1 МПа/с аспауға тиіс.

9.3.5.4 *Сынақ нәтижелері*

Егер:

а) көзбен шолып қарау кезінде тұрқының қабырғасында, жинақтау қосылыстарында және нығыздауларда мыналар болмаса:

- сынақ ортасының ағуы;

- жабық тиекті құрылғы кезінде қысымның сигнал бергішінің арқаулы желісінде су тамшысының пайда болуы болмаса;

б) *6.1.6 талаптары қамтамасыз етілсе* басқару тораптары мен жиынтықтау жабдығы сынақтан өткен болып саналады.

9.3.6 Қымтақтығын пневматикалық қысыммен анықтау бойынша сынақтар

9.3.6.1 *Сынақ құралдары:*

- пневматикалық стенд ГОСТ 24054 бойынша;

- сынақ ортасы: су ГОСТ 2874 бойынша;

- манометр ГОСТ 18140 бойынша;

- 1 сағ. ішінде 10 с аспайтын өлшеу қателігі бар секундөлшегіш.

9.3.6.2 *Сынаққа дайындық*

Сынақтарға басқару тораптары немесе ауа типті сигналдық клапан, акселератор, эксгаустер, қысымның сигнал бергіші, құрғату клапаны, сондай-ақ ысырмалар, жапқыштар мен крандар ұшыратылады.

Орындалу типіне қарай басқару тораптары немесе әрбір жиынтықтау жабдығы гидравликалық стендіге орнатылады және белгіленген тәртіппен бекітілген нақты типтегі өнімге арналған техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес бекітіледі.

9.3.6.3 *Сынақ жүргізу:*

а) басқару тораптарының немесе ауа типті сигналдық клапандардың қымтақтығын анықтау бойынша сынақтар пневматикалық қысыммен үлгіге әсер ету кезінде жүргізіледі.

Пневматикалық стендінің көмегімен $Рсынам._{п}$ = 1,1 $P_{раб, п}^{max}$ тең $P_{проб, п}$, сынама пневматикалық қысым жасалады және басқару тораптарының немесе ауа типті сигналдық клапанның жиынтықтау жабдығының ауалы жұмыстық қуысына беріледі және 5 минуттан кем емес уақыт ұсталады.

Қысымның өсу жылдамдығы 0,1 МПа/с аспауға тиіс.

б) техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес ауа типті басқару торабының пневматикалық арқаулы желілерде пайдаланылатын құрғату клапанының, ысырмалардың, жапқыштар мен крандардың қымтақтығын анықтау бойынша сынақтар екі режимде: аталған жабдықтың ашық және жабық тиекті құрылғысында жүргізіледі.

Пневматикалық стендінің көмегімен (0,60 ± 0,03) МПа тең пневматикалық қысым жасалады және әр қалыпта тиекті құрылғы 5 минуттан кем емес уақыт ұсталады.

Қысымның өсу жылдамдығы 0,1 МПа/с аспауға тиіс.

в) акселератордың және эксгаустердің қымтақтығын анықтау бойынша сынақтар үлгіге пневматикалық қысымның әсері кезінде жүргізіледі.

Атмосферамен байланысты акселераторлар мен эксгаустерлердің шығу қуыстары жабылуға немесе тұншықтырылуға тиіс.

Пневматикалық стендінің көмегімен (0,60 ± 0,03) МПа тең пневматикалық қысым жасалады және әр қалыпта тиекті құрылғы 5 минуттан кем емес уақыт ұсталады.

Қысымның өсу жылдамдығы 0,1 МПа/с аспауға тиіс.

г) қысымның сигнал бергішінің және сүзгіштің қымтақтығын анықтау бойынша сынақтар үлгіге пневматикалық қысымның әсерімен жүргізіледі.

Пневматикалық стендінің көмегімен (0,60 ± 0,03) МПа тең пневматикалық қысым жасалады және әр қалыпта тиекті құрылғы 5 минуттан кем емес уақыт ұсталады.

Қысымның өсу жылдамдығы 0,1 МПа/с аспауға тиіс.

9.3.6.4 *Сынақ нәтижелері*

Егер:

- көзбен шолып бақылау кезінде жиынтықтау жабдығының тиекті құрылғылары, жинақтау қосылыстары мен нығыздаулар арқылы ауаның ағуы болмаса;

- *6.1.7 талаптары қамтамасыз етілсе* басқару тораптары мен жиынтықтау жабдықтары сынақтан өткен болып саналады.

9.3.7 Қысымның гидравликалық айырмасын анықтау бойынша сынақтар

9.3.7.1 *Сынақ құралдары:*

- 0,1 МПа бастап 10,0 МПа дейін ауқымында сынақ ортасын беруді қамтамасыз ететін ± 2 % қателігі бар гидравликалық стенд;

- сынақ ортасы: су ГОСТ 2874 бойынша;

- манометр ГОСТ 18140 бойынша;

- шығын өлшегіш ГОСТ 28723 бойынша;

- 1 сағ. ішінде 10 с аспайтын өлшеу қателігі бар секундөлшегіш.

9.3.7.2 *Сынаққа дайындық*

Гидравликалық жоғалуын анықтау бойынша сынақтарға басқару тораптары, сигналдық және қайтымды клапан, ысырмалар мен жапқыштар ұшыратылады.

Орындалу типіне қарай басқару тораптары немесе әрбір жиынтықтау жабдығы гидравликалық стендіге орнатылады және белгіленген тәртіппен бекітілген нақты типтегі өнімге арналған техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес бекітіледі.

9.3.7.3 *Сынақ жүргізу*

Орындау типіне және шартты диаметріне қарай жиынтықтау жабдығының әрбір үлгісінде гидравликалық стендінің көмегімен гидравликалық қысым жоғарылатады және үлгі арқылы су шығыны, дм^3/с, жасалады.

Жиынтықтау жабдығының шартты диаметріне және орындау типіне қарай су шығыны параметрлері, дм^3/с, Г қосымшасының Г.1 кестесіне сәйкес қабылданады.

9.3.7.4 *Сынақ нәтижелері*

Егер қысымның гидравликалық жоғалулары 6.1.8 және 6.1.9 талаптарына сәйкес келсе, басқару тораптары мен жиынтықтау жабдығы сынақтан өткен болып саналады.

9.3.8 Гидравликалық соққыға төзімділігін анықтау бойынша сынақтар

9.3.8.1 *Сынақ құралдары:*

- 0,1 МПа бастап 10,0 МПа дейін ауқымында сынақ ортасын беруді қамтамасыз ететін ± 2 % қателігі бар гидравликалық стенд;

- сынақ ортасы: су ГОСТ 2874 бойынша;

- манометр ГОСТ 18140 бойынша;

- 1 сағ. ішінде 10 с аспайтын өлшеу қателігі бар секундөлшегіш.

9.3.8.2 *Сынаққа дайындық*

Гидравликалық соққыға төзімділігін анықтау бойынша сынақтарға басқару тораптары, сигналдық және қайтымды клапан, ысырмалар мен жапқыштар ұшыратылады.

Орындалу типіне қарай басқару тораптары немесе әрбір жиынтықтау жабдығы гидравликалық стендіге орнатылады және белгіленген тәртіппен бекітілген нақты типтегі өнімге арналған техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес бекітіледі.

9.3.8.3 *Сынақ жүргізу:*

а) басқару тораптарын сынау екі режимде жүргізіледі:

- жабық сигналдық клапанда және ашық ысырмаларды (жапқыштарда);

- ашық сигналдық клапанда және жабық ысырмаларда (жапқыштарда).

Гидравликалық стендінің көмегімен басқару торабының кіру қуысында (0,4 ± 0,1) МПа бастап (4,0 ± 0,4) МПа дейінгі шекте циклдік гидравликалық қысым жасалады.

Циклдік гидравликалық қысым жасалу кезеңінде жылдамдығы 10 МПа/с кем емес гидравликалық соққы жасалады.

Әрбір режимде сынақ саны екіден кем болмауға тиіс.

б) сигналдық және қайтымды клапанды, сондай-ақ ысырмаларды, жапқыштар мен крандарды сынау жиынтықтау жабдығының тиекті жабық құрылғыларында сынау.

Жиынтық жабдықтың кіру қуысы бар гидравликалық стендінің көмегімен (0,4 ± 0,1) МПа бастап (4,0 ± 0,4) МПа дейінгі шекте циклдік гидравликалық қысым жасалады.

Циклдік гидравликалық қысым жасау кезеңінде 10 МПа/с кем емес жылдамдығы бар гидравликалық соққы жасалады.

Әрбір режимде сынақ саны екіден кем болмауға тиіс.

9.3.8.4 *Сынақ нәтижелері*

Егер:

- көзбен шолып бақылау кезінде қалдық пішін өзгерісінің механикалық зақымдану белгілері, сондай-ақ жиынтықтау жабдығының тиекті құрылғыларының нығыздауы арқылы су ағу болмаса;

- *6.1.10 талаптары қамтамасыз етілсе* басқару торапторы мен жиынтықтау жабдықтары сынақтан өткен болып саналады.

9.3.9 Қорек кернеуін анықтау бойынша сынақтар

9.3.9.1 *Сынақ құралдары:*

- пневматикалық стенд ГОСТ 24054 бойынша;

- 0,1 МПа бастап 10,0 МПа дейін ауқымында сынақ ортасын беруді қамтамасыз ететін ± 2 % қателігі бар гидравликалық стенд;

- сынақ ортасы: су ГОСТ 2874 бойынша;

- 1,5 % аспайтын өлшеу қателігі бар ГОСТ 8.497 бойынша аспаптар;

- манометр ГОСТ 18140 бойынша;

- 1 сағ. ішінде 10 с аспайтын өлшеу қателігі бар секундөлшегіш.

9.3.9.2 *Сынаққа дайындық*

Қорек кернеуін анықтау бойынша сынақтарға электр жетегі бар басқару торабы және жиынтықтау жабдығы (дренчерлі сигналдық клапан, ысырмалар мен жапқыштар) ұшыратылады.

9.3.9.3 *Сынақ жүргізу*

Қорек кернеуін анықтау бойынша сынақтар нақты типтегі басқару торабына немесе жиынтықтау жабдығына арналған техникалық құжаттамада берілген минус 15 % бастап 10 % дейін номиналды мәнін өлшеу жолымен жүргізіледі.

Басқару торабы немесе жиынтықтау жабдығының қорек кернеуінің шеткі мәндері кезінде олардың іске қосылуын 9.3.3 берілген әдістер бойынша жұмыстық гидравликалық параметрлерінде анықталады.

Кернеудің әрбір мәні кезінде сынақ саны үштен кем болмауға тиіс.

9.3.9.4 *Сынақ нәтижелері*

Егер:

- минус 15 % бастап 10 % дейінгі тербеліс кезінде электржетегі бар басқару торапторы мен жиынтықтау жабдығы іске қосылса басқару торапторы мен жиынтықтау жабдығы сынақтан өткен болып саналады.

- *6.1.13 талаптары қамтамасыз етіледі.*

9.3.10 Тұтыну қуатын анықтау бойынша сынақтар

9.3.10.1 *Сынақ құралдары:*

- пневматикалық стенд ГОСТ 24054 бойынша;

- 0,1 МПа бастап 10,0 МПа дейін ауқымында сынақ ортасын беруді қамтамасыз ететін ± 2 % қателігі бар гидравликалық стенд;

- сынақ ортасы: су ГОСТ 2874 бойынша;

- 1,5 % аспайтын өлшеу қателігі бар ГОСТ 8.497 бойынша аспаптар;

- манометр ГОСТ 18140 бойынша;

- 1 сағ. ішінде 10 с аспайтын өлшеу қателігі бар секундөлшегіш.

9.3.10.2 *Сынаққа дайындық*

Тұтыну қуатын анықтау бойынша сынақтарға электрлік жетегі бар басқару торапторы мен жиынтықтау жабдығы (дренчерлі сигналдық клапан, ысырмалар, жапқыштар) ұшыратылады.

9.3.10.3 *Сынақ жүргізу*

Тұтыну қуатын анықтау бойынша сынақтар айнымалы токтың (220 ± 10) В немесе тұрақты токтың (24 ± 2) В кернеуіне, орындалу типіне қарай үлгіге беру жолымен жүргізіледі.

Басқару торабына немесе жиынтықтау жабдығына қорек кернеуін беру кезінде олардың іске қосылуын 9.3.3 берілген әдістер бойынша жұмыстық гидравликалық параметрлермен анықтайды.

Әрбір үлгіні сынау саны үштен кем болмауға тиіс.

9.3.10.4 *Сынақ нәтижелері*

Егер тұтыну қуаты 6.1.14 талаптарына сәйкес келсе, басқару тораптары мен жиынтықтау жабдығы сынақтан өткен болып саналады.

9.3.11 Ток өткізетін бөліктердің оқшаулауының электрлік кедергісін анықтау бойынша сынақтар

9.3.11.1 *Сынақ құралдары:*

- 0,1 МПа бастап 10,0 МПа дейін ауқымында сынақ ортасын беруді қамтамасыз ететін ± 2 % қателігі бар гидравликалық стенд;

- сынақ ортасы: су ГОСТ 2874 бойынша;

- 1,5 %-дан аспайтын өлшеу қателігі бар, ГОСТ 8.497 бойынша аспаптар;

- манометр ГОСТ 18140 бойынша;

- 1 сағ. ішінде 10 с аспайтын өлшеу қателігі бар секундөлшегіш.

9.3.11.2 *Сынаққа дайындық*

Ток өткізетін бөліктердің оқшаулауының электрлік кедергісін анықтау бойынша сынақтарға басқару торабы және жиынтықтау жабдығы (дренчерлі сигналдық клапан, қысымның сигнал бергіші, сұйықтық ағынының сигнал бергіші, сондай ақ ысырмалар мен жапқыштар) ұшыратылады.

Орындалу типіне қарай басқару тораптары немесе әрбір жиынтықтау жабдығы гидравликалық стендте орнатылады және белгіленген тәртіппен бекітілген нақты типтегі өнімге арналған техникалық құжаттың талаптарына сәйкес бекітіледі.

9.3.11.3 *Сынақ жүргізу*

Басқару торабы мен жиынтықтау жабдығының ток өткізетін бөліктерінің оқшаулауының электрлік кедергісін анықтау бойынша сынақтар электрлік өткізгіштің әрбір қысқышы мен өткізгіштің сыртқы қабықшасы арасында, сондай-ақ осы электрмеханикалық жабдықтың тұрқы мен электрлік өткізгіштің әрбір қысқышы немесе жерге қосу қысқышы арасында кедергіні өлшеу жолымен жүргізіледі.

Ток өткізетін тізбектердің оқшаулауының электрлік кедергісі (500 ± 10) В номиналды кернеумен, ГОСТ 8.497 бойынша мегомметрмен анықталады.

Әрбір үлгіні сынау саны үштен кем болмауға тиіс.

9.3.11.4 *Сынақ нәтижелері*

Егер ток өткізетін бөліктерді оқшаулаудың электрлік кедергісі 6.1.15 талаптарына сәйкес келсе, басқару тораптары мен жиынтықтау жабдығы сынақтан өткен болып саналады.

9.3.12 Сигнал бергіш құрылғылардың жұмысқа қабілеттілігін анықтау бойынша сынақтар

9.12.1 *Сынақ құралдары:*

- 0,1 МПа бастап 10,0 МПа дейін ауқымында сынақ ортасын беруді қамтамасыз ететін ± 2 % қателігі бар гидравликалық стенд;

- сынақ ортасы: су ГОСТ 2874 бойынша;

- шығын өлшегіш ГОСТ 28723 бойынша;

- манометр ГОСТ 18140 бойынша;

- 1 сағ. ішінде 10 с аспайтын өлшеу қателігі бар секундолшегіш.

9.3.12.2 *Сынаққа дайындық*

Сигнал беру құрылғыларының жұмысқа қабілеттілігін анықтау бойынша сынақтарға басқару тораптары, ысырмалар мен жапқыштар ұшыратылады.

Орындалу типіне қарай басқару тораптары гидравликалық стендіге орнатылады және белгіленген тәртіппен бекітілген нақты типтегі өнімге арналған техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес бекітіледі.

9.3.12.3 *Сынақ жүргізу*

Басқару торабының іске қосылғаны туралы сигналды беруді 0,45 дм^3/с аспайтын сигналдық клапан арқылы су шығыны мен (0,14 ± 0,01) МПа тең қысым кезінде сигналдық клапанның байламына жинақталған қысымның өрт сигнал бергішінің іске қосылуы бойынша анықтайды.

Басқарудың сумен толтырылған тораптарында қысымды бақылау сигналдық клапанның тиекті органына дейін және кейін орнатылған екі манометрмен жүзеге асырылады.

Басқарудың ауалы тораптарының қысымын бақылау сигналдық клапанның тиекті органына дейін және кейін орнатылған екі манометрмен, сондай-ақ акселератордың (немесе) эксгаустердің ауалы камерасына қосылған манометрмен жүзеге асырылады.

Ысырмалар мен жапқыштардың тиекті құрылғысының «Ашық» - «Жабық» қалпы туралы сигнал бергіштердің жұмысқа қабілеттілігі басқару органының (тегеріштің) шеткі қалыптарында айқындалады. Осы қалыпта ұштық ажыратқыштардың түйіспелік топтары ауыстырылуға тиіс.

Тиекті органның жоғарысында 0,5 м-дан артық судың болуы туралы сигналды беру қысым бергіштің немесе бақылаушы басқа құрылғының түйіспелік тобының ажырау (тұйықталу) фактісі бойынша айқындалады.

Әрбір үлгіні сынау саны үштен кем болмауға тиіс.

9.3.12.4 *Сынақ нәтижелері*

Егер басқару торабына жинақталған сигнал беру құрылғысы өзінің функционалдық арналуына сәйкес 6.1.19 талаптарына сәйкес келетін көзбен шолу ақпаратын немесе сигналдарды берсе, басқару тораптары, ысырмалар мен жапқыштар сынақтан өткен болып саналады.

9.3.13 Басқару торабы байламында сүзгіштердің жұмысқа қабілеттілігін анықтау бойынша сынақтар

9.3.13.1 *Сынақ құралдары:*

- 0,1 МПа бастап 10,0 МПа дейін ауқымында сынақ ортасын беруді қамтамасыз ететін ± 2 % қателігі бар гидравликалық стенд;

- сынақ ортасы: су ГОСТ 2874 бойынша;

- манометр ГОСТ 18140 бойынша;

- 1 сағ. ішінде 10 с аспайтын өлшеу қателігі бар секундөлшегіш.

9.3.13.2 *Сынаққа дайындық*

Орындалу типіне қарай басқару тораптары гидравликалық стендіге орнатылады және белгіленген тәртіппен бекітілген нақты типтегі өнімге арналған техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес бекітіледі.

9.3.13.3 *Сынақ жүргізу*

Басқару торабы байламындағы сүзгіштердің жұмысқа қабілеттілігін анықтау бойынша сынақтар құбыржолға акселераторды, эксгаустерді, гидроүдеткішті немесе суды жасанды ластағыштың кідіріс камерасын (жиынтыққа сәйкес келетін): диаметрі мен бөлшектерінің ұзындығы (3,0 ± 0,5) мм, көлемі (6,0 ± 0,5) см^3 сүректің цилиндрлік кесектерін орналастыру жолымен жүргізіледі.

Диаметрі 10 мм бастап 15 мм дейінгі шығу тесігі бар басқару торабының клапаны арқылы гидравликалық стендінің көмегімен (0,14 ± 0,01) МПа тең гидравликалық қысым жасалады.

Сынақ саны үштен кем болмауға тиіс.

9.3.13.4 *Сынақ нәтижелері*

Егер:

- сынақ жүргізгеннен кейін басқару тораптары нақты типтегі басқару торабына арналған техникалық құжаттамада белгіленген уақыт кезеңінде іске қосылса;

- 6.1.21 талаптары қамтамасыз етілсе басқару тораптары сынақтан өткен болып саналады.

9.3.14 Қысымның сигнал бергішіне және дыбыстық гидравликалық өрт хабарлағышына басқарушы әсер етуді анықтау бойынша сынақтар

9.3.14.1 *Сынақ құралдары:*

- 0,1 МПа бастап 10,0 МПа дейін ауқымында сынақ ортасын беруді қамтамасыз ететін ± 2 % қателігі бар гидравликалық стенд;

- сынақ ортасы: су ГОСТ 2874 бойынша;

- манометр ГОСТ 18140 бойынша;

- 1 сағ. ішінде 10 с аспайтын өлшеу қателігі бар секундөлшегіш.

9.3.14.2 *Сынаққа дайындық*

Орындалу типіне қарай басқару тораптары гидравликалық стендіге орнатылады және белгіленген тәртіппен бекітілген нақты типтегі өнімге арналған техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес бекітіледі.

9.3.14.3 *Сынақ жүргізу*

Гидравликалық стендінің көмегімен басқару торабының типіне қарай спринклерлі немесе дренчерлі сигналдық клапан іске қосылуға тиіс болатын басқару торабының клапаны арқылы (0,14 ± 0,01) МПа тең гидравликалық қысым жасалады, бұл ретте қысымның сигнал бергішінің арқаулы желілерінде және дыбыстық гидравликалық өрт хабарлағышында сынақ ортасының қысымы 0,06 МПа кем болмауға тиіс.

Сынақ саны үштен кем болмауға тиіс.

9.3.14.4 *Сынақ нәтижелері*

Егер сынақ жүргізгеннен кейін басқару тораптары 6.1.22 және 6.1.31.талаптарына сәйкес келсе, басқару тораптары сынақтан өткен болып саналады.

9.3.15 Жиынтықтау жабдықтың іске қосылу (сезгіштік) қысымын анықтау бойынша сынақтар

9.3.15.1 *Сынақ құралдары:*

- пневматикалық стенд ГОСТ 24054 бойынша;

- 0,1 МПа бастап 10,0 МПа дейін ауқымында сынақ ортасын беруді қамтамасыз ететін ± 2 % қателігі бар гидравликалық стенд;

- сынақ ортасы: су ГОСТ 2874 бойынша;

- манометр ГОСТ 18140 бойынша;

- шығын өлшегіш ГОСТ 28723 бойынша;

- сыйымдылығы ыдыс(5,0 ± 0,5) дм^3;

- 1 сағ. ішінде 10 с аспайтын өлшеу қателігі бар секундөлшегіш.

9.3.15.2 *Сынаққа дайындық*

Жиынтықтау жабдығының іске қосылу (сезгіштік) қысымын анықтау бойынша сынақтарға құрғату және қайтымды клапан, акселератор, эксгаустер, гидроүдеткіш, қысымның сигнал бергіші және сұйықтық ағынының сигнал бергіші ұшыратылады.

Орындалу типіне және сынау әдісіне қарай жиынтықтау жабдығы гидравликалық немесе пневматикалық стендіге орнатылады және белгіленген тәртіппен бекітілген нақты типтегі өнімге арналған техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес бекітіледі.

9.3.15.3 *Сынақ жүргізу:*

а) құрғату клапаны орнатылған құбыржолда гидравликалық қысымды тиекті құрылғы жабылғанша біртіндеп арттыру жолымен құрғату клапанының іске қосылу қысымын анықтау бойынша сынақтар, бұл ретте жабылу қысымы (0,14 ± 0,01) МПа аспауға тиіс.

Құрғату клапанының тиекті құрылғысының іске қосылуы шегінде қысымның өзгеру жылдамдығы 0,001 МПа/с аспауға тиіс.

б) қайтымды клапанның іске қосылу қысымын анықтау бойынша сынақтар мынадай тізбектілікте жүргізіледі:

- клапанның екі қуысын да сумен толтырады. Екі қуыста да тең қысым кезінде қайтымды клапанның тиекті құрылғысы жабық қалыпта болуға тиіс;

- гидравликалық қысымның көмегімен *Рсынам = 1,1 Ржұмтах* тең *Рсынам,* сынама гидравликалық қысым жасалады.

- қайтымды клапанның тиекті құрылғысы ашылуға тиіс болатын (0,050 ± 0,001) дейін шығудағы гидравликалық қысым азайтылады.

Қайтымды клапанның тиекті құрылғысының іске қосылуы шегінде қысым өзгерісінің жылдамдығы 0,001 МПа/с аспауға тиіс.

в) акселератордың немесе эксгаустердің іске қосылу қысымын (қысым айырмасын) анықтау бойынша сынақтар мынадай тізбектілікте жүргізіледі:

- акселератордың немесе эксгаустердің кіру келтеқұбырына сыйымдылығы (5,0 ± 0,5) $дм^3$ ыдыс қосылады, онда пневматикалық стендінің көмегімен (0,60 ± 0,03) МПа пневматикалық қысым жасалады;

- ыдыстағы пневматикалық қысымды 0,001 МПа/с аспайтын жылдамдықпен акселератордың немесе эксгаустердің іске қосылуы шегінде азайтады.

Акселератордың немесе эксгаустердің тиекті құрылғысы ашылатын қысым мен кіру қысымы арасындағы айырманы іске қосылу қысымы ретінде қабылдайды.

Қысым айырмасы нақты типтегі акселераторға немесе эксгаустерге арналған техникалық құжаттамада берілген мәндерден аспауға тиіс.

г) гидроүдеткіштің іске қосылу қысымын (қысым айырмасын) анықтау бойынша сынақтар мынадай тізбектілікте жүргізіледі

- гидроүдеткіштің шығу келтеқұбырында гидравликалық стендінің көмегімен *Рсынам = 1,1 Ржұмтах* тең *Рсынам,* сынама гидравликалық қысым жасалады;

- гидроүдеткіштің қозғау құбыржолында пневматикалық стендінің көмегімен (0,6 ± 0,03) МПа тең пневматикалық қысым жасалады;

- қозғау құбыржолында пневматикалық қысымды 0,001 МПа/с аспайтын жылдамдықпен гидроүдеткіштің іске қосылуы шегінде азайтады.

Гидроүдеткіштің тиекті құрылғысы ашылатын қозғау құбыржолындағы қысым мен кіру қысымы арасындағы айырманы іске қосылу қысымы ретінде қабылдайды.

Қысым айырмасы нақты типтегі гидроүдеткішке арналған техникалық құжаттамада берілген мәндерден аспауға тиіс.

д) қысым сигнал бергішінің іске қосылу қысымын анықтау бойынша сынақтар кіру келтеқұбырында гидравликалық (пневматикалық) қысымды 0 МПа бастап *Рсынам = 1,1 Ржұмтах* тең *Рсынам,* сынама қысымға дейін арттыру немесе азайту жолымен жүргізіледі.

Уақыт кідірісінің механизмі «0» қалпында болуға тиіс.

Қысым сигнал бергішінің іске қосылуы шегінде қысым өзгерісінің жылдамдығы 0,001 МПа/с аспауға тиіс.

Сигналдық клапанның іске қосылу қысымын бақылауға арналған қысымның сигнал бергіші 0,02 МПа бастап 0,06 МПа дейінгі қысым шегінде іске қосылуға және қысымды одан әрі ұлғайту кезінде іске қосулы күйінде қалуға тиіс.

Қорек беру құбыржолында қысымды бақылауға арналған қысымның сигнал бергіші нақты типтегі қысымның сигнал бергішіне арналған нормативтік құжаттамада берілген қысым шегінде іске қосылуға және одан әрі қысымның артуы немесе төмендеуі кезінде іске қосулы күйінде қалуға тиіс.

е) сұйықтық ағынының сигнал бергіші іске қосылатын су шығынын анықтау бойынша сынақтар (0,14 ± 0,01) МПа гидравликалық қысымды жасау және түйіспелі топтың түйіспесінің тұйықталу сәтіне дейін су шығынын біртіндеп арттыру жолымен жүргізіледі.

Уақыт кідірісінің механизмі «0» қалпына қойылады.

Сұйықтық ағынының сигнал бергіші іске қосылуы шегінде су шығынының өзгеру жылдамдығы 0,05 $дм^3/с^2$ аспауға тиіс.

Жиынтықтау жабдығының әрбір үлгісі кемінде үш рет сынаққа ұшыратылады.

9.3.15.4 *Сынақ нәтижелері*

Егер сынақ жүргізгеннен кейін жиынтықтау жабдығы 6.1.24, 6.1.33, 6.1.34, 6.5.3, 6.5.4, 6.5.5 және 6.5.7 талаптарына сәйкес келсе жиынтықтау жабдығы сынақтан өткен болып саналады.

9.3.16 Басқару торабы мен жиынтықтау жабдықтың іске қосылу уақытын анықтау бойынша сынақтар

9.3.16.1 *Сынақ құралдары:*

- пневматикалық стенд ГОСТ 24054 бойынша;

- 0,1 МПа бастап 10,0 МПа дейін ауқымында сынақ ортасын беруді қамтамасыз ететін ± 2 % қателігі бар гидравликалық стенд;

- сынақ ортасы: су ГОСТ 2874 бойынша;

- шығын өлшегіш ГОСТ 28723 бойынша;

- манометр ГОСТ 18140 бойынша;

- сыйымдылығы (5,0 ± 0,5) $дм^3$ ыдыс;

- 1 сағ. ішінде 10 с аспайтын өлшеу қателігі бар секундөлшегіш;

9.3.16.2 *Сынаққа дайындық*

Іске қосылу уақытын анықтау бойынша сынақтарға мыналар ұшыратылады:

- сумен толтырылған спринклерлі басқару торабы немесе сумен толтырылған спринклерлі сигналдық клапан;

- акселераторы бар жоқ) немесе эксгаустері бар (жоқ) ауалы спринклерлі басқару торабы немесе ауалы спринклерлі сигналдық клапан;

- дренчерлі басқару торабы немесе электрлік жетегі бар дренчерлі сигналдық клапан;

- дренчерлі басқару торабы немесе гидрожетегі (пневможетегі) бар дренчерлі сигналдық клапан;

- басқарудың дренчерлі торабы немесе механикалық жетегі бар дренчерлі сигналдық клапан;

- құрғату клапаны;

- қайтымды клапан;

-ысырмалар немесе электрлік жетегі бар жапқыш;

- акселератор мен эксгаустер;

- гидроүдеткіш;

- қысымның сигнал бергіші;

- сұйықтық ағынының сигнал бергіші.

Орындалу типі мен сынау әдісіне қарай басқару тораптары мен жиынтықтау жабдығы гидравликалық немесе пневматикалық стендіге орнатылады және белгіленген тәртіппен бекітілген нақты типтегі өнімге арналған техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес бекітіледі.

Әрбір жиынтықтау жабдығын сынау саны үштен кем болмауға тиіс.

9.3.16.3 *Сынақ жүргізу:*

а) сумен толтырылған спринклерлі басқару торабының немесе сумен толтырылған спринклерлі сигналдық клапанның іске қосылу уақытын анықтау бойынша сынақтар (0,14 ± 0,01) МПа сигналдық клапанның тиекті құрылғысы алдында гидравликалық қысым жасау жолымен жүргізіледі.

Сынақ жүргізген кезде ішкі диаметрі 10 мм-ден кем емес бұру құбыржолының (1,0 ± 0,1) м ұзындығын қабылдайды.

Осы құбырдың ұшына орнатылатын тиекті құрылғының шығу тесігінің ішкі диаметрі (10,0 ± 0,2) мм болуға тиіс.

Тиекті органға қатысты құбырдың биіктігі (250 ± 5) мм болуға тиіс.

Тиекті құрылғыны ашуды кез келген қосымшадан немесе қолмен жүзеге асыруға рұқсат етіледі.

Құбырдың ұшына орнатылған тиекті құрылғыны ашу сәтінен бастап спринклерлі клапанның тиекті құрылғысын ашқанға дейін немесе бұру құбырынан су аққанға дейінгі уақытың ең үлкен аралығы іске қосылу уақыты болып қабылданады.

Іске қосылу уақыты нақты типтегі сумен толтырылған спринклерлі басқару торабына немесе сумен толтырылған спринклерлі сигналдық клапанға арналған техникалық құжаттамада берілген мәндерден аспауға тиіс.

б) акселераторы немесе эксгаустері бар (жоқ) ауалы спринклерлі басқару торабының немесе ауалы спринклерлі сигналдық клапанның іске қосылу уақытын анықтау бойынша сынақтар қорек құбыржолын білдіретін ауа құбырының қымтақтауын ашқан сәттен бастап басқару торабының сигналдық клапанының тиекті құрылғысын ашқанға дейін немесе қорек құбырынан судың ағуына дейінгі уақытты тіркеу жолымен жүргізіледі.

Сигналдық клапандар мен қорек құбыржолы арасында сыйымдылығы (5,0 ± 0,5) дм^3 ыдыс қойылуға тиіс.

Бұру құбыржолының шығу тесігі құбыржолда оның көлденең жұмыстық қалпы кезінде сигналдық клапанның осіне қатысты немесе құбыржолда жұмыстық тік қалпында сигналдық клапанның тиекті ауа құрылғысына қатысты (1,0 ± 0,1) м биіктікте орналасады.

Гидравликалық стендінің көмегімен қорек құбыржолында (0,14 ± 0,01) МПам гидравликалық қысым жасалады.

Ауа қысымы (0,20 ± 0,02) МПа болуға тиіс.

Қорек құбыржолының ішкі диаметрі 10 мм-ден кем болмауға тиіс.

Қорек құбырының жалпы ұзындығы (1,5 ± 0,1) м болуға тиіс.

Қорек құбыры ұшында орнатылатын тиекті құрылғының шығу тесігінің диаметрі (10,0 ± 0,2) мм кем болмауға тиіс.

Іске қосу уақыты нақты типтегі акселераторы немесе эксгаустері бар (жоқ) ауалы спринклерлі басқару торабына немесе ауалы спринклерлі сигналдық клапанға арналған техникалық құжаттамада берілген мәндерден аспауға тиіс.

в) электрлік жетегі бар дренчерлі басқару торабының немесе дренчерлі сигналдық клапанның іске қосылу уақытын анықтау бойынша сынақтар жетекке электрлік импульсті беру сәтінен бастап сигналды клапанның тиекті құрылғысын ашқанға дейін немесе қорек құбырынан судың ағуына дейінгі уақытты тіркеу жолымен жүргізіледі.

Гидравликалық стендінің көмегімен қорек құбыржолында (0,14 ± 0,01) МПа гидравликалық қысым жасалады.

Қорек құбыржолының ішкі диаметрі 10 мм-ден кем болмауға тиіс.

Қорек құбыры ұшында орнатылатын тиекті құрылғының шығу тесігінің диаметрі (10,0 ± 0,2) мм болуға тиіс.

Іске қосу уақыты нақты типтегі электрлік жетегі бар дренчерлі сигналдық клапанға немесе дренчерлі басқару торабына арналған техникалық құжаттамада берілген мәндерден аспауға тиіс.

г) гидрожетегі (пневможетегі) бар дренчерлі сигналдық клапанның немесе дренчерлі басқару торабының іске қосу уақытын анықтау бойынша сынақтар дренчерлі клапанның қозғаушы камерасына қосылған сумен толтырылған немесе ауалы қозғаушы құбырының қымтақтауын ашқан сәттен бастап басқару торабының дренчерлі клапанының тиекті құрылғысын ашқанға дейін немесе қорек құбырынан судың ағуына дейінгі уақытты тіркеу жолымен жүргізіледі

Гидравликалық стендінің көмегімен қорек құбыржолында (0,14 ± 0,01) МПа гидравликалық қысым жасалады.

Қорек және қозғау құбырының ұзындығы (1,0 ± 0,1) м болуға тиіс.

Қорек және қозғау құбыржолының ішкі диаметрі 10 мм-ден кем болмауға тиіс.

Сумен толтырылған немесе ауалы құбырдың ұшына орнатылған тиекті құрылғының шығу тесігінің диаметрі (10,0 ± 0,2) мм болуға тиіс.

Іске қосу уақыты нақты типтегі гидрожетегі (пневможетегі) бар дренчерлі сигналдық клапанға немесе дренчерлі басқару торабына арналған техникалық құжаттамада берілген мәндерден аспауға тиіс.

д) механикалық жетегі бар дренчерлі басқару торабының немесе дренчерлі сигналдық клапанның іске қосылу уақытын анықтау бойынша сынақтар тарту арқанынан (термосезгіш жіптен) жүктемені алу сәтінен бастап басқару торабының дренчерлі клапанының тиекті құрылғысын ашқанға дейін немесе қорек құбырынан судың ағуына дейінгі уақытты тіркеу жолымен жүргізіледі.

Гидравликалық стендінің көмегімен қорек құбыржолында (0,10 ± 0,01) МПа гидравликалық қысым жасалады.

Қорек құбырының ұзындығы (1,0 ± 0,1) м болуға тиіс.

Қорек құбырының ішкі диаметрі 10 мм-ден кем болмауға тиіс.

Қорек құбыры ұшында орнатылатын тиекті құрылғының шығу тесігінің диаметрі (10,0 ± 0,2) мм кем болмауға тиіс.

Іске қосу уақыты нақты типтегі механикалық жетегі бар дренчерлі сигналдық клапанға немесе дренчерлі басқару торабына арналған техникалық құжаттамада берілген мәндерден аспауға тиіс.

е) құрғату клапанының іске қосылу (жабу) уақытын анықтау бойынша сынақтар оның кіру келтекұбырында гидравликалық қысымды (0,14 ± 0,01) МПа белгілеу сәтінен бастап оның тиекті құрылғысының іске қосылуына дейін немесе құрғату клапанының шығу қуысынан су ағу тоқтағанша дейін уақытты тіркеу жолымен жүргізіледі.

Іске қосу уақыты нақты типтегі құрғату клапанына арналған техникалық құжаттамада берілген мәндерден аспауға тиіс.

ж) қайтымды клапанның іске қосылу уақытын анықтау бойынша сынақтар оның кіру келтекұбырында гидравликалық қысымды (0,05 ± 0,01) МПа белгілеу сәтінен бастап оның тиекті құрылғысын ашқанға дейін немесе бұру құбырынан су ағуға қол жеткенге дейін уақытты тіркеу жолымен жүргізіледі

Бұру құбырының ұзындығы (1,0 ± 0,1) м болуға тиіс.

Бұру құбырының ішкі диаметрі 10 мм-ден кем болмауға тиіс.

Қорек құбыры ұшында орнатылатын тиекті құрылғының шығу тесігінің диаметрі (10,0 ± 0,2) мм кем болмауға тиіс.

Іске қосу уақыты нақты типтегі қайтымды клапанға арналған техникалық құжаттамада берілген мәндерден аспауға тиіс.

и) электрлік жетегі бар ысырмалардың немесе жапқыштың іске қосылу уақытын анықтау бойынша сынақтар номиналды кернеу берілген сәттен бастап гидравликалық қысымның екі режимінде: 0 МПа және екі қуысында *Рсынам = 1,1 Ржұмтах* тең *Рсынам,* сынама гидравликалық қысым кезінде тиекті құрылғыны бір қалыпқа және керісінше ауыстыруға дейін уақытты тіркеу жолымен жүргізіледі.

Электрлік жетегі бар ысырмалар мен жапқыштардың тиекті құрылғылары сынақ басталғанға дейін жабық қалыпта болуға тиіс.

Ысырмалар мен жапқыштардың іске қосылу уақыты ретінде ең үлкен мән қабылданады.

Іске қосу уақыты нақты типтегі электрлік жетегі бар ысырмалар мен жапқыштарға арналған техникалық құжаттамада берілген мәндерден аспауға тиіс.

к) акселератордың немесе эксгаустердің іске қосылу уақытын анықтау бойынша сынақтар тікелей ауа камерасы алдына орнатылған ішкі диаметрі (3,0 ± 0,1) мм тиекті құрылғыны ашқан сәттен бастап сыналатын жедел әрекет ететін құрылғының тиекті органын ашқанға дейін уақытты тіркеу жолымен жүргізіледі.

Жедел әрекет ететін құрылғының бастапқы пневматикалық қысымы (0,20 ± 0,02) МПа болуға тиіс, акселератор мен тиекті құрылғы немесе эксгаустер мен қорек құбыржолы арасындағы ауа желісінің сыйымдылығы (5,0 ± 0,5) $дм^3$ болуға тиіс.

Іске қосылу уақыты ретінде ең үлкен мән қабылданады.

Іске қосу уақыты нақты типтегі акселератор мен эксгаустерге арналған техникалық құжаттамада берілген мәндерден аспауға тиіс.

л) гидроүдеткіштің іске қосылу уақытын анықтау бойынша сынақтар ішкі диаметрі 10 мм кем емес гидроүдеткіштің тиекті құрылғысын ашқан сәттен бастап ұзындығы (1,0 ± 0,1) м қорек құбыржолын білдіретін құбырдан су аққанға дейін уақытты тіркеу жолымен жүргізіледі.

Гидроүдеткіштің тиекті құрылғысын нақты типтегі гидроүдеткішке арналған техникалық құжаттамаға сәйкес келетін диаметрі және (5,0 ± 0,5) м ұзындығы сумен толтырылған қозғау құбырының ұшына орнатылады.

Гидравликалық стендінің көмегімен жүйеде гидравликалық қысымның екі режимін жасайды: алдымен (0,14 ± 0,01) МПа, одан соң *Рсынам = 1,1 Ржұмтах* тең *Рсынам,* сынама гидравликалық қысым.

Іске қосылу уақыты ретінде ең үлкен мән қабылданады.

Іске қосу уақыты нақты типтегі гидроүдеткішке арналған техникалық құжаттамада берілген мәндерден аспауға тиіс.

м) қысымның сигнал бергішінің іске қосылу уақытын анықтау бойынша сынақтар қысымның сигнал бергіші алдында орнатылған ішкі диаметрі (10,0 ± 0,2) мм тиекті құрылғыны ашқан сәттен бастап түйіспелік топтың тұйықталу (ажырау) сәтіне дейін уақытты тіркеу жолымен жүргізіледі.

Бұру құбырының ішкі диаметрі 10 мм-ден кем болмауға тиіс.

Тиекті құрылғы мен қысымның сигнал бергіші арасындағы құбырдың ұзындығы (200 ± 5) мм болуға тиіс.

Гидравликалық стендінің көмегімен қысымның сигнал бергішінің келтеқұбырында гидравликалық қысым (0,14 ± 0,01) МПа жасалады.

Уақыттың кідіріс механизмі «0» қалпында болуға тиіс.

Ең үлкен мән іске қосылу уақыты болып қабылданады.

Іске қосылу уақыты нақты типтегі қысымның сигнал бергішіне арналған техникалық құжатта берілген мәннен аспауға тиіс.

н) сұйықтық ағынының сигнал бергішінің іске қосылу уақытын анықтау бойынша сынақтар 0,63 дм^3/с аспайтын су шығынын белгілеу сәтінен бастап нақты топтың тұйықталу (ажыратылу) сәтіне дейін уақытты тіркеу жолымен жүргізіледі.

Гидравликалық стендінің көмегімен қысымның сигнал бергішінің келтеқұбырында гидравликалық қысым (0,14 ± 0,01) МПа жасалады.

Сұйықтық ағынының сигнал бергіші арқылы су шығынының өзгеру жылдамдығы 0,05 дм^3/с^2 аспауға тиіс.

Бұру құбыржолының ұзындығы (1,0 ± 0,1) м болуға тиіс.

Бұру құбырының ішкі диаметрі 10 мм-ден кем болмауға тиіс.

Бұру құбыржолының ұшында қысым реттегіш орнатылады.

Уақыттың кідіріс механизмі «0» қалпында болуға тиіс.

Ең үлкен мән іске қосылу уақыты болып қабылданады.

Іске қосылу уақыты нақты типтегі қысымның сигнал бергішіне арналған техникалық құжатта берілген мәннен аспауға тиіс.

9.3.16.4 *Сынақ нәтижелері*

Егер сынақ жүргізгеннен кейін басқару тораптары мен жиынтықтау жабдықтары 6.5.2 – 6.5.8, 6.5.11 – 6.5.14 талаптарына сәйкес келсе, басқару тораптары мен жиынтықтау жабдықтары сынақтан өткен болып саналады.

9.3.17 Іске қосылу туралы сигналдың кідіру уақытын анықтау бойынша сынақтар

9.3.17.1 *Сынақ құралдары:*

- 0,1 МПа бастап 10,0 МПа дейін ауқымында сынақ ортасын беруді қамтамасыз ететін ± 2 % қателігі бар гидравликалық стенд;

- сынақ ортасы: су ГОСТ 2874 бойынша;

- манометр ГОСТ 18140 бойынша;

- шығын өлшегіш ГОСТ 28723 бойынша;

- 1 сағ. ішінде 10 с аспайтын өлшеу қателігі бар секундөлшегіш.

9.3.17.2 *Сынаққа дайындық*

Іске қосылғаны туралы сигналдың кідіру уақытын анықтау бойынша сынақтарға басқару тораптары мен жиынтықтау жабдықтары ұшыратылады:

-қысымның сигнал бергіші;

- сұйықтық ағынының сигнал бергіші.

Орындалу типі мен сынау әдісіне қарай басқару тораптары мен жиынтықтау жабдықтары гидравликалық стендіге орнатылады және белгіленген тәртіппен бекітілген нақты типтегі өнімге арналған техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес бекітіледі.

9.3.17.3 *Сынақ жүргізу:*

а) басқару тораптарының іске қосылу туралы сигналдың кідіріс уақытын анықтау бойынша сынақтар (1,0 ± 0,1) дм^3/с су шығын құру сәтінен бастап уақытты тіркеу жолымен және басқару торабының кіріс және шығыс келтеқұбырында (0,14 ± 0,01) МПа бастапқы гидравликалық қысымда жүргізіледі.

